




ПИОНЕР

№ 12 ДЕКАБРЬ
АЛМАТЫ 1959



БІЗДІҢ ЗАҢ

Санаға білім нұрларын
Жинасақ күнде бәріміз
Түсінсек өмір сырларын,
Ол біздің өсу заңымыз.

Туған жер төсін зерттесек,
Алтыны қайсы, мыс қайсы,—
Алмайтын қамал жоқ десек —
Дегізген өмір нұсқасы.

Адамзат билеп аспанды,
Айда да тұрса гербіміз,
Аударып тастап тастарды,
Құлпырта берсек жерді біз,

Көрінсе біздің күш көктен,
Көрінбек болса әлі де,
Осының бәрін істеткен —
Советтік өмір Заңы де!

Адамзат жердің бетінде
Бақытын тапсын — десек біз,
Арманым қуып жетуге
Қанатын қақсын десек біз,

«Соғысу» деген сұмдықты
Ұмытсын адам десек біз,
Жарқырап жерді күн мықты
Жылытсын әмән десек біз.

Өмірде көбейт досыңды,
Достықсыз тірлік сәні не! —
Айтқызған бізге осыны
Советтік өмір заңы де!

Адамның атын ардақтап,
Жұқтырман оған кір, тозаң,
Келеді қорғап, нық сақтап,
Құдіреті күшті біздің заң.

Етеміз мақтан мұны біз,
Сүйеніп соған өсеміз.
Береке толы үйіміз,
Мереке толы көшеміз.

Осындай мықты, шат елмен,
Сүйсіне жасар жанымыз.
Күнде бір жеңіс әперген
Жасасын бақыт заңымыз!

ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ.





ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен пионер ұйымы республикалық Советінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 12
ДЕКАБРЬ
1959 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 21 жыл.

СӘЙДІП ТАЛЖАНОВ.

Сәкен аба

(Соңы. Басы өткен сандарда).

Ұстазы Роман Николаевич Склянкин школаны жақсы бітіргендігі үшін мақтау қағазын ұсына отырып:

— Садвокас Сайфуллаевич, сен жақсы оқисың, зерексің, оқуды тастама, сенің елің надан, мына қағазды ал да, Акмолаға бар, оқы,— деп білген ақылын айтып, арқасынан қақты.

Үш жылдай үйреніп қалған ұстазымен қоштасу он алты жасар Сәкенге оңай тимеді. Сәкеннің бала күнінен әдеті — бауыр басып, жолдас болған адамынан жуықарада айырыла алмайтын еді. Өңі біресе жылып, біресе суып әлденеше құбылып тұр.

Сәденнің әкесі Дүкен астындағы түйесін терезенің алдына әкеп шөггерді де, өзі түспестен:

— Әу, Сәкен, жүрмейсің бе? — дегенде ұйқыдан оянғандай селк етті де:

— Қош болыңыз, Роман Николаевич! — деп Сәкен теріс айналып, жүгіре басып шығып кетті.

Үш жылдың бойында Сәкеннің талай мінезін көрген Роман Николаевич, тап мына қылығын бүгін көргенде өте ырза болды. Учителі осы шәкіртін томырық, қатыгез бала деп ұғушы еді. Өйткені, әкесі Сейфулла келгенде де, Сәкен өліп-өшіп тұрмайтын. Көп сөйлемейді, қолы боста домбыра тартып, дырду әңгімеден шет отырады. Шешенсіп сөйлеу әдетінде жоқ, шындықты төтесінен тура айтып салатын, мінезі тік еді. Шындықтың құлы, ашуланса бетің бар, жүзің бар демейді, өкпелесе қайтып жібімейтін бір доға еді.

Оқуға келген жылы, қыстыгүні, Сәкеннің Гришамен төбелескенін Николай Романович ұмытқан жоқ.

Сол оқиға есіне түсіп, Роман Николаевич Сәкеннің артынан қызыға қарап отырып қалды.

Дүкеннің түйесіне мінгесіп, Сәкен еліне қайтты.

Күн құрыстап түнере бастады. Солтүстіктен суық жел тұрды. Әлде ғана дүниеге нұрын төгіп, көзді ұялтып тұрған алтын арайасарлы күн, енді сарғая түсті.

Ылғалды, қоңыр бұлт төніп, ызғарлы жел қорғасындай қадалып, қалтырап тоңған Дүкен: «Құралайдың қара дауылы өтіп еді, киіктің лағын өргізген амал да әнеу күні мен Нілдіге келе жатқанда бұрқыратып бір соғып кетіп еді, енді бұл, сірә, текенің бұрқылдағы болар-ау! Япыр-ай, боран соқпай тараса жарар еді»... деп толғанды ішінен. Екеуінде де үн жоқ. Нілдіден кеше шыққан, әлі жүріп келеді. Нілді мен Аба тауының арасына түйелі жолаушы ара қонып жетеді. Өктеп жүрсе мықты атқа бір-ақ күндік, елуалпыс шақырымдай жер. Кіші бесінде Дүкен ақсақал «Қыз емшек» атанатын қос төбенің арасына әкеліп түйесін шөггерді. Екеуі де жерге түсіп түйені отқа қойды. Жабуын да, жазысын да алмады, бұйдасын мойнына түріп қоя берді.

Күн шайдай ашылған. Аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Құрысқан дене жазылғандай, кірбең көңіл жадырағандай.

Сәкенді қасына отырғызып, Дүкен ұзын сонар сөзге кірісті.

— Күн жаманы кетеді, адам жаманы кетпейді дейді ғой, балам, осы рас сөз,— деп бастады қарт.

— Оныңыз рас, Дүке, бағана мен де күн ашылмастай көріп едім. Сірі етіктің қамсауы шамалы, оның үстіне жұлығы сөгіліп тарамысы ырсып көрінеді, ішіндегі киіз байпағым да қырық жамау шұрық-шұрық, ұлтараксыз табанымды қарыды, суық шөкемнен өтті,— деді Сәкен. Дүкен ақсақалдың ойында шешті, өзінің мұңын да шаққандай болды.— Ауылға таянған сайын апамды қатты сағынам, осының себебі не екен? — деп тықыршып, Сәкен орнынан тұруға ыңғайланды.

— Асықпа, шырағым, түйе де біраз шалсын, өзіміз де теңселе-теңселе діңкеледік қой, дем алалық, енді мына қырдың астында ауыл бар,— деді Дүкен жантая беріп.— Мен бір әңгіме айтайын, бері таяна отыр, тыңда,— деп сөзін жалғастырды. Аунап тұрған жылқыдай сергіп қалды Дүкен.— Баяғы да Ұлықман Хакімнен бір кісі: «ініңіздің халі не болды?» — деп сұрапты, шырағым, сонда Ұлықман Хакім: «Інім өлді!» — деп жауап берген екен,— деді де, Дүкен басын көтеріп, малдасын құрып отырды. Әлгі кісі Ұлықманның тұтқиыл жауабына таңырқап:

— Ініңіздің өлуінің себебі не? — деп тағы сұрапты, сол арада жұлып алғандай: — Өмірге келуі себеп болды ғой,— десе керек.

— Шіркін-ай, қандай жақсы айтылған

сөз! Сол Ұлықман Хакім өзі кім екен, аға? — деп Сәкен рахаттана тыңдап, таяна түсті.

— Кім екенін қайдан білейін, шырағым, жұрт аузынан естігенім ғой,— деп Дүкен иілген басын жоғары көтерді.— Сәкенжан, сен әке-шешеңнің тұла бойы тұңғышысың, ержетіп қалдың, олардың ендігі тиянағы да сенсің,— деп төмен қарап күмілжіді,— олар қуанса сенің де қуануың керек, олар ренжісе, ақыл айтып басуың керек... Я, шырағым, мықты бол сен, ажал келсе кім өлмейді, бәріміз де өлеміз ғой, інің Әбумүслим дүние салды, құдай рахмет қылсын,— деп бетін сипады Дүкен.

— Не дейсіз, шын айтасыз ба, қашан өлді, неге бұрын айтпадыңыз?.. — деген сұраулар Сәкеннің аузынан шұбырып шығып жатыр. Не дерін білмеді Дүкен. Екі көзі шатынап, бір кезде жылт етіп жас көрінді, кірпіктерін қақпай қалған Сәкен мөлдіреп шыққан жас тамшылай сорғалағанда еңіреп жылап жіберді. «Әбен жаным-ай, бауырым-ай» — деген Сәкеннің үздігіп шыққан дыбысы Дүкенге де оңай тимеді. Талай қайғыны басынан кешіріп, әбден шыныққан, сірідей қатқан сіңір дене де шіміркенді. Жас баланың ұяласын іздеп аңсауы қиын екен! Қайғыны қайғы қозғады, өзінің бір мұңы есіне түсті, бойы босап, Дүкен де боздап қоя берді. Кәрі көздің жасы қозының құмалағындай домалады. Дыбыс шыққан сайын жүйке босады, жылау көбейе берді. Айдалада екеуі отырып үн қосты...

ТРАКТОРШЫЛАР

Әсембек астыңғы ернін жымқыра тістеп, көзін жыпылықтатып, мұрнын қайта-қайта тарта берді. Әрі-беріден соң басы да бір жағына қарай қисайып кетті. Бұл күйіне қарап Қайрақбай оның ренжіп отырғанын бірден сезе қойды.

Әсембек шайын шала-шарпы ішті. Сонсын орнынан атып тұрды да, бұрыштағы өз столына жетіп барып, кітаптарын абыр-сабыр ақтауға кірісті.

Әлден уақытта Қайрақбай інісінің жанына келіп:

— Немене, бір нәрсең жоғалды ма? — деп сұрады.

— Жоқ.

— Ендеше не бүлініп жатырсың?

— Жай.

Қайрақбай Әсембектің қолынан трактор жайындағы кітапты көрді де, мән-жайды түсінгендей қуақылана жымиды:

— Ұмытпасам, тракторларың от алмапты дейді ғой. Сол рас па?

— Оны кім айтты?

— Ел құлағы елу емес пе, естідім.

Әсембек бір нүктеге қадала қарап, қыбыр етпей, үн-түнсіз отырып қалды. Ағасы далаға шығып кеткен соң терең ойға шомды... Дәрігер науқас адамды қарамай тұрып, оның қандай ауруы барын білмейді ғой. Бұл да сол сияқты. Бір жақсысы, адам қай жері ауырғанын өзі айтады. Ал тракторда тіл жоқ. Жүз жерден тракторшы болсаң да, оны әрлі-берлі қарап, ақауын өзің табуың керек.





Шіркін-ай десеңші! Әсембек бүгін сәске түсте колхоз мастерскойына жүрегі алып-ұшып жетіп барып еді-ау. Жалғыз Әсембек пе? Балалардың бәрі де қуанышты еді. Тіпті қыздардың шоқ-шоқ гүл әкелгенін қайтерсің! Октябрь айында далада гүл бола ма, олар гүлді қағаздан өздері жасап алыпты. Енді қайтсін! Бірен-саран жаңа тетік араласқаны болмаса, кілең ескі тетіктерден бір жылдан астам уақыт бойына өз қолдарымен құрастырған алғаш рет от алған мезгілін сән-салтанатпен өткізуге ұйғарған шығар. Ұстаздың шарты да, көпшіліктің уәдесі де солай болатын. Бірақ, не керек, бәрінің де қуаныштары су сепкендей басылды. Балалар тракторға анталай төніп тұрғанда, ұстаз:

— Балалар, біздің құрастырған тракторымыз от алмай қойды. Мен әрі-бері әуреленіп, ештеңе шығара алмадым. Сөзім дәлелді болсын, өздерің де от алдырып көріңдер,— деді. Ұстаз болғанда кәдімгі өздері күнде көріп жүрген Ахмет, ол — трактор бригадасының бригадирі, колхоз мастерскойында жоғарғы класс оқушылары үшін тракторшылар курсін ұйымдастырған адам. Курс аудан, колхоз, мектеп басшыларының шешімі бойынша былтыр сентябрьде ашылған еді. Оған жазылған балалар бір жарым жыл бойына аптасына екі-үш реттен колхоз мастерскойында сабақ алып отырады. Кілең тәжірибелі мамандар, тракторшылар сабақ береді. Курсті аяқтаған оқушылар аз күнге Қызылжардағы механизаторлар мектебіне емтихан тапсыруға барып, одан трактор жүргізуге куәлік қағаз алып қайтады.

Өнер үйренгенге не жетсін! Былтыр тоғызыншы класс оқушылары тракторшылар оқуына түгелге жуық жазылды. Ер балалардан жалғыз-ақ Азберген трактор оқуын менсінбе-

гендей, біраз уақытқа дейін мастерскойға жоламай жүрді. Бірақ «трактор тілін білетін адам танкіні де оп-оңай жүргізіп кетеді екен» деген сөз құлағына тиісімен Азберген де курске жазылды, сөйтіп өз үйірін тапты.

Әсембек кенет басын жұла көтеріп алды. «Бұл не отырыс?» — деді ол өзіне өзі күбірлеп. Бүйтіп түк істемей отыра бергеннен не шығады? Қалайда табу керек».

Әсембек ойланып-ойланып, үйдің ішінде аз уақыт ерсілі-қарсылы жүрді де, қайтадан кітабын қолына алды.

Қайрақбай інісінің мұншама қиналуының себебін есітіп келген-ді. Олардың одан-бұдан жамап-жасқап құрастырған КД—35 маркалы тракторы мүлде от алмапты. Жүруі-жүрмеуі екіталай. Есіл еңбек зая кетіп, тракторды қайта бұзуға тура келсе, одан жаман не бар. Балалар осыны айтып, жаман қатты ренжіпті. Бірақ Ахмет балаларға трактордың от алмаған себебін әрқайсың өздерің ойлап табыңдар, жолдастарыңнан, тракторшылардан сұрап әуре болмаңдар, ақауды кім бұрын тапса, тракторды бірінші боп сол от алдырады депті. Бұл кімнің үлесіне тиеді? Міне, осы әңгіме көңілі жабырқау тартқан балаларды сәл еліктіріп, жігерін шыңдай түсіпті.

Мұның бәрін бағана кешке жақын тракторшыларға Ахмет айтқанда «балалардың өздері ізденсін, сендер ауыздарыңа берік болыңдар» деген. Смена ауысып үйіне қайтқан Қайрақбай әлгінде сынай көз тігіп, «не істер екен» дегендей інісінің бар қимылын үнсіз бағып қалған. Бірақ, Әсембек уәдеге берік екен. Ағасынан көмек сұрап еш тіл қатқан жоқ. «Бәсе, бір адамдай намысы болса керек еді ғой» деп Қайрақбай інісіне іштей сүйсініп, көзін ала бере жымшип қояды.

* * *

Азаберген төсегінде дөңбекшіп, көпке дейін ұйықтай алмады. Қалай ұйықтасын! Өзі бұрын да күйгелек еді, оның үстіне мына оқиға тап болды. Ол бағана колхоз мастерскойынан оралған соң салып отырып тракторшы жездесіне жетіп барды. Мән-жайды түсіндіріп, трактордың неге от алмайтынын сұрады.

— Ахмет сендерге не айтып еді? — деді жездесі.

— Өздерің табыңдар деген.

— Ендеше неге менен сұрайсың?

— Оның несі бар. Жездем болған соң.... Кенет жездесінің қабағы түнеріп кетіп:

— Тәйт әрі! Осындай жаман мінезді қашан қоясың?! — деп зекіп гастады. Азберген есікті бір серпіп шығып жүре берді.

«Әсембекке, әрине, оңай. Туған ағасы тракторшы, содан сұрап ала қояды», — деп ойлады

ол үйіне қайтып келе жатып. Үйіне келген соң кітабын қолына да алған жоқ, төсегіне сұлай кетті.

Ол Әсембекті жөк көретін. Неге олай екенін өзі де онша біле бермейді. Әйтеуір біреу-міреу одан:

— Әсембек мақтаншақ па? — деп сұраса, Азберген мүдірмей-ақ:

— Барып тұрған мақтаншақ, — дер еді.

Азберген бүгін де Әсембек туралы жаман ойлады. «Әсембек тағы да бір мақтанатын болды, — деді ол ішінен. — Ағасынан сұрап алса да бірдеңе қылмай ма, оны кім тексеріп жатыр. Сосын әрине жиналған жұрттың көзінше тракторды жүргізіп кеп береді!.. Қап... Мүмкін трактордың ақауын Әсембек емес, басқа біреу тапса табатын шығар. Онда алақай ғой!» Азберген басын көтере беріп, қабырғаға қарай аунап түсті. Оның көзіне Әсембек тракторды от алдырып, келеке ете күлімсіреп қарап тұрғандай болып елестеді.

* * *

Арада төрт күн өтіп, жексенбі келді. Сәске түс. Теріскейден Есіл өзені жақтан ызғырық ата суық жел есіп тұр. Әсембек мастерскойға қарай ентелей басып келе жатыр еді. Кенет кепкасын долы жел ұшырып, домалатып ала жөнелді. Әсембек қуып берді. Әп-сәтте ұстап алды. Кепкасы шаң-шаң болып қалса да, ол жымылып күліп қойды. Аса көңілді сияқты.

Мінекей, мастерскойға балалар түгел жиналды.

— Ал, балалар! Кім дайын? Кәне, қол көтеріңдерші, — деді Ахмет. Жалғыз-ақ Әсембек қол көтерді. Сол-ақ екен, балалардың жүзі жайнаң қағып шыға келді. Олар өзара күбірлесіп, у-шу бола бастады. Кім тапса да бәрібір емес пе? Әйтеуір, трактор жүрсе болғаны да. Рас, Азберген бұған қуанған жоқ. Ол Әсембекке қабағын түйіп, тесірейе қарады. Бірдеңе айтқысы келгендей, ерні де жылбыр-жылбыр етеді. Бірақ, кімге айтады, қалай ай-

тады? Балалардың бәрі де Әсембектің жанына топталып, тракторге үймелеп тұр. Азбергенге көңіл бөлген бірі жоқ.

Әсембек кеше кешкілікте поршеньдердің сақинасы ескі, жарамсыз шығар деген ойға тоқырап еді. Өйткені двигательдің басқа жерінен ешқандай мін таба алмағанды. Ол ұзақ әуреленіп, төрт бірдей поршеньнің сақинасын тексеріп көрді. Сонсын оның өткір қара көздері көпшілікті бір шолып өтіп, Ахметке қадалды.

— Меніңше, екі поршеньнің сақинасын түгелдей ауыстыру керек. Үшінші поршеньнің сақинасы да мәз емес. Ал, төртінші поршеньдікі жақсы, — деді ол.

— Дұрыс! Бірақ осыны сендер тракторды құрастырған кезде өздерің көрулерің керек еді. Ал, мен көргенмен, үндегем жоқ. Мұндайды өздерің байқауларың керек қой, шырақтарым-ау! Жарайды, кейін сөйлесе жатармыз. Ал, балалар, біз бүгін сақиналарды ауыстырып саламыз. Ертең осында колхоз председателі мен мұғалімдер және тракторшылар келеді. Тракторды бірінші болып Әсембек от алдырып жүргізеді, — деді Ахмет.

— Жо-жоқ! — деді Әсембек әлденеге қызарып. — Тракторды бәріміз құрастырдық. Сондықтан, жеребе тастайық. Кімнің бағы жанса, сол от алдырсын.

Бұл ұсыныс көпшілікке ұнап қалды. Табан астында жеребе тасталды. Жеребе Азбергенге шықты. Балалар күліп, у-шу болды.

Азберген сасып қалды. Балалардан кейін шегінді. Бұл оқиғаға қуанған да, ренжіген де жоқ. Ол Әсембектен мынадай қылық шығады деп күтпегендіктен, тіпті не істерін білмеді. Бар болғаны, таңданғандай пішінмен біресе Әсембекке, біресе Ахметке қайта-қайта жалтақтап қарай берді.

Ал, Әсембек оған мүлде қараған да жоқ, ол қасындағы бір баламен жайбарақат әңгімелесіп тұр еді.

МАШҚАР ГҮМЕРОВ

«СЫНШЫЛ»

Альбомды ашып көрсетті

Қуанышқа ағасы:

— Танысың ба, сен мына Суреттерге қарашы.

— Мынау шал кім сақалды?

— Шал емес ол, атам ғой.

— Көрсет енді апанды,

— Қасындағы апам ғой,

— Білесің бе мынаны!

— Жақсы әкпем Жәмила,

— Қалқиған кім құлағы!

— Әкпелегіш Нағима.

— Бәрін айтып тындырдың, Мынау кім!

— Мен, өзім ғой.

— Қаспағы не мұрныңның!

— Ол былтырғы кезім ғой.

Шона Смаханұлы.



Лола

(Ғайрат немеремнің айтып берген әңгімесі)

Бір күні біздің мектептің қабырға газетінің редакторы Ахмедов Тұрғын маған:

— Өзіңнің звеноның жұмысы жайында мақала жазып бер,— деді.

— Жарайды. Сонда не туралы жазсам болады? — дедім мен.

— О не дегенің, өзіңнің звенодағы балалар қалай оқиды, қалай достасады, бір-біріне қалай көмектеседі, міне, соларды жаз... Жазатын нәрсе аз боп па?

— Енді айқын болды,— дедім мен.— Мен Лола туралы жазамын.

— Ол туралы сен не жазасың?

— Оның не істеп, не қойғанын жазамын...

— Иә, ол не істеп, не қойған еді, көне айтып берші,— деп қоймады Тұрғын.

Сонсоң мен оны алдым да, айттым да бердім.

Біздің звенода Лола деген оқуды үздік оқитын пионер бар. Ол класқа дәйімі бәрімізден бұрын келеді. Ол кезекшінің келуін күтпестен-ақ, тақтаны сүртіп, борды әзірлеп қояды. Мұғалім кім жауап береді десімен-ақ ол жалма-жан бірінші болып қолын көтереді, онысы дұрыс та: жауапты мүдірместен дәлме-дәл тақ-тақ қайырады. Оның тап-таза болып жүретінін қайтерсің! Оның киіміне

өмірі шан жоламайды және апта сайын жана көйлек, жаңа топы киіп келеді. Оның шешесі он қолынан өнері тамған істі, фабрикада іс тігеді.

Лола: «Шалбарына қарашы, қандай шаншан. Соны да тазалап алуға мойның жар бермей ме?», «Партаға етпеттеп жатып алма!», «Сенің жағанда аз күннен кейін бір де түйме қалмайтын шығар» — деп біздерді мінеп-шенеуді жаратады.

Бір жолы Зухра дейтін сөлпиген, бозөкпе-леу қыз шашын тарауға үлгірмей келіпті. Лола оған өзінің тарағын ұсынып:

— Мә, тез шашыңды тарап адам сияқтан,— деді.

Мұны ол класта жұрттың бәрінің көзіңше айтты. Зухра тарақты алып шашын тарап жөнделсе де, қып-қызыл болып ұялып жерге кіріп кете жаздады, сөйтті де ол орынды, орынсыз жердің бәріне сүйрендеп араласасын да тұрасын деп Лоламен ұрсыса жөнелді. Үзіліс кезінде мен Зухраға келіп:

— Сен неге олай ұрысысасың? Лола саған жаны ашығандықтан айтты ғой, шашыңның дудырап жүргені өзіне де ұнамайтын шығар-ау,— дедім.

Сонда Зухра маған былай деп жауап қайырды:

— Сен бұған араласпай-ақ қойсаң да болатын еді ғой, өзің оның үстіне звено бастығысың. Егер шын жаны ашыса, ол айқайлап бүкіл класқа масқараламай, маған оңаша сыбырлап қоймай ма? Осыны сен, өзіңше, жақсы деп тұрсың ба, ә?

Мен оған түк те дей алмадым, өйткені мұның не жақсы, не жаман екенін өзім де біле алмадым. Ал, Камал дейтін бір жақсы шәкірт, бұл да оқуды үздік оқитын, класқа бар болғаны жарты ғана минут кешігіп келгенде, Лола оған: «Әй Камалға қарандар, ол байғұс бүгін онбай ұйықтапты. Көзіне қарандар, ара шағып кеткендей, шодырайып ісіп кеткен!» деп сұңқылдады. Ол балалардың кемшілігін дұрыс көрсетсе де, оның сүйрендеп, балаларды кекетіп, мұқатқаны маған ұнамады. Лоланың бұл қылығы біздің мұғаліміміз Халима Сабировнаға да ұнамай қалған сияқты, әйтседе ол кісі ештеңе дей қойған жоқ, тек оған жақтырмай қарады да қойды.

Біздің Лоланың тағы да бір өзгешелегі бар, менің ойымша, соның өзі оның ең үлкен кемшілігі сияқты: ол жолдасқа көмектесуді жаратпайды. Біздің звенода есептен әрең-әрең үшке үлгіретін Фаһри дейтін пионер бар. Оның есебін шығаруына менің өзім көмектесіп жүремін, бірақ қайсы кездерде менің де уақытым болмай қалады, кездейсоқ

істер аз ба, міне, сондай уақыттарда, әдетте, мен Зухрадан: «Бүгін Фаһридың есебін шығаруына көмектесе қойшы» — деп өтінгенімде, — Зухра да дәйімі: «Құп!» — деп жауап береді.

Ал, бір жолы мен Лоладан көмектесуін өтінгенімде, ол былай деп жауап қайырды:

— Менің оған уақытым жоқ.

Мен оған:

— Әй, бір кезде сен мүмкін, жолдастың көмегіне мұқтаж боп қаларсың, — деп едім, ол:

— Жоқ-ә. Мен еш уақытта ондай көмекке мұқтаж болмаймын, — деп жауап қайырды.

Міне, бір күні Лола мектепке келмей қалды. Халима Сабировна менен:

— Лола Шарипова неге жоқ? — деп сұрады.

— Ауырып қалған болар, — дедім мен.

— Жоқ, Файрат, ол сап-сау, — деді гүл-гүл жайнап Зухра. — Мен оны кешке кешкілікте көрдім. Ол тіпті тойға баратындай жасанып киініп алған, мен онан: «Қайда баруға жиналғансың?» деп ем, ол: «бір жаққа барамын» дей салды. Әжесіне жүзім жеуге бара жатыр ғой деймін, сонда қонып қалды ғой деймін, я солай ғой деймін...

— «Деймін де деймін», — деп мен оны келемеждей жөнелдім. — Солай ғой деймін дейсің, бірақ өзің де білмейсің.

— Сен де білмейсің.

— Жарайды, балалар, — деп бізді Халима Сабировна тоқтатты. — Сабактан кейін оған барып қайтыңдар.

Үзіліс кезінде мен Зухраға:

— Бүгін Лолаға барып қайт, сенің үйің оған жақын ғой, — дедім.

— Жоқ, сен өзің барып қайт, — деді ол.

— Сен звено бастығысың ғой.

— Менің бүгін пионерлер Сарайына баруым керек.

— Ал мен бүгін сіңіліме, киноға апарамын деп, уәде беріп қойғанмын.

— Киноға демалыс күні барады ғой.

— А, мен бүгін барамын. Бүгін жаңа картина көрсетеді.

Зухраға тілімді алдыра алмаған соң, мен Камалға бар деп жалындым, бірақ ол да, форма тіктіріп жатырмын, шешеммен бірге соны киіп көруге барамын, деген сылтаумен бармай қойды.

Бұлардың айтып тұрғанының бәрі құр сылтау екенін, олардың Лолаға барғысы келмейтінін, өйткені бір кезде оның осының екеуін де өкпелеткенін мен жақсы білемін.

Сонымен ол күні Лолаға ешкім де барған жоқ. Мен пионерлер Сарайынан қайтып кел-

генімде, шешем маған, Лоланың өзінің келіп кеткенін айтты.

— Ол неге келіпті, — деп таңдандым мен.

— Ол неге келгенін айтпады.

«Келгені, бірақ түк айтпағаны несі екен» — деп ойладым мен. Сөйттім де, Лолаға жүгіре жөнелдім.

Лоланың бес жасар інісі, таяқты ат қып мініп, шапқылай ауланың ішін шаңдатып жүр. Лола, түтіннен көзін жыпылықтатып, ошақтың айналасында күйбеңдеп жүр, тамақ пісіріп жүргенге ұқсайды. Мен мұның бәрін есіктің қасында тұрып көріп алдым. Үйінде бұл екеуінен басқа ешкім жоқ сияқты. Мені ең алдымен әлгі таяққа мініп шапқылап жүрген тентек көре сап, бар даусымен қуана:

— Біздің мамамыз бізге інішек тауып берді. Сен бізге шүйінші бер, — деп айқайлады.

Лола сасып жалт қарады, мен оның күйелеш, күйелеш түрін көріп сықылықтап күліп жібердім.

— Сен неге сықылықтайсың? — деді қызарандап ол. — Тамақ пісіру де күлкі болып па?

— Ай, сен өзің айнаға қарашы, қандай екенсің!

— Ә-ә... — деді ол, неге күліп тұрғанын түсіне қойып. — Сен оған күлмей-ақ қой. Тамақ пісіруді осылай күйелештеніп жүріп үйренеді... Мен сіздің үйге барып едім, бірақ біздің үйде қуаныш болып жатқанын сенің мамаңа айтуға шүйінші алу үшін келген ғой деп ойлап қалар деп өзімді өзім тоқтаттым. Ал менің саған айтатын бір жұмысым бар.



Токтай тұр.— Лола сүті тасып көтеріліп бара жатқан ыдысты аптыға барып құлағынан көтере қойды.

— Көрдің бе, міне,— деп ол ыдысты қайта отқа қойды,— күріш пісіріп жатырмын. Соған соң мамам жатқан, әйелдер босанатын үйге барамын.

— Ал, сабақты не істемексің?

— Міне сол туралы сенімен ақылдасқым келіп еді. Мен мектепке ертең де, бүрсігүні де бара алмаймын. Енді менің не істеуім керек, ә?

Оның не істеуі керектігін менің өзім де білмеймін, сонда да:

— Жарайды, бұны біз ертең мектепте ақылдасайық,— дедім.

Ертеңіне Халима Сабировна, менің айтқандарымды тындап болып, былай деді:

— Оған кезектесіп барып, сабағын дайындауына көмектесіп жүріңдер.

Әрине, бару, көмектесу керек-ақ, бірақ балалардың онсыз да уақыты жетіспейді. Мысалы, менің өзімнің де сабағымды дайындауым керек, пионерлер Сарайына да үлгіруім керек — біз онда үлкен электр станцияның үлгісін жасап жатырмыз, Фаһри де мені, есебімді шығарып бер деп, күнара үйіне сүйрейді де тұрады. Лолаға болысудың өзі бізге ойламаған жерден тап болды. Сөйтседе, оған көмектесу қажет, басқаша болуы мүмкін де емес. Мен балаларға осылай деп айтып көріп ем, бірақ олардың ешқайсысы елен де қылған жоқ, ал Зухра мен Камал оның үстіне кекете бастады. Сөйтіп мен Лолаға бір де бір баланы көндіре алмай қойдым.

Ертеңіне Халима Сабировна:

— Лола туралы ештеңе білдіңдер ме? — деп сұрады.

Мен нығымды жиырдым да, Камал:

— Оның үйі алыста тұрады,— деп жауап қатты.

— Оның үйінен мен сендердің бәріннен де алыс тұрсам да,— деді бәрімізді таңдандыра және мінең, мұғалима,— бірақ, мен кеше оған барып қайттым. Ол үйдің жұмысынан бас ала алмай қалыпты, ал оған көмек-

тесер жан жоқ. Жолдастарым маған келмейді дейді. Мен Лолада толық бір сағат отырып, өткен сабақтың бәрін түсіндіріп бердім. Ендігі қалғанының бәрі сендерге байланысты. Сендердің звеноларыңда сегіз пионер бар, ал егер сегізін отырып жалғыз жолдастарыңа болыса алмасандар, бұл сендер үшін үлкен масқара, мен осылай деп ойлаймын.

Үн жоқ, жым-жырт. Бәріміз де қатты қысылып қалдық.

Зухра қызарандап, өзін-өзі ақтап:

— Лоланың өзі бізге, мен ешкімнің көмегіне мұқтаж болмаймын деп талай-талай айтты ғой,— деді.

— Солай ма? — деп Халима Сабировна қабағын түйді.— Егер, ол олай десе, ол сөзді айтардан бұрын жақсылап ойламаған. Шамасы, ол қазір олай ойламайтын болар. Ол кеше маған жолдастарын қатты сағынғанын егіліп отырып айтты.

Осы айтқандардың өзі бізге жеткілікті болды. Содан кейін бәріміздің де Лолаға барғымыз келе қалды.

— Мен оған барамын,— деді Камал.

— Жоқ, мен барамын, мен оның үйіне жақын тұрамын,— деп қарсы болды Зухра.— Оның сабағын әзірлеуіне де, тамағын пісіруіне де көмектесемін.

Сөйтіп Лолаға бүгін қайсысы бару туралы Зухра мен Камал таласа жөнелді.

Бұларға бағдарлап қарап қалған Халима Сабировна кенет жымиып:

— Жарайды, Камалжай, бүгін Зухра-ақ барсын, ал сен ертең бар,— деді.

Қысқасы, ісіміз оңға басып, әрқайсымыз Лолаға кезектесіп көмектесіп тұрдық. Ол да біздің бәрімізбен достасып кетті де, енді қайтып, бұрынғысындай тұмсығын көтермейтін болды.

— Өте қызық әңгіме екен,— деді, әңгімеді тындап болған соң Тұрғын салмақпен.— Бұл туралы әсте аяқсыз қалдырма, жаз. сенің мақаланды біз газетіміздің мейрамға арналған санында жариялаймыз.

Аударған М. НҰРТАЗИН.



Дастық НЫШАНЫ

(Чехословакияға барған туристік сапардан)

Прага қаласының шығыс жақ шетінде Олышан зираты бар. Ол — Праганы азат ету үшін жүргізілген ұрыста қаза тапқан совет жауынгерлерінің құрметті зираты... Мұнда мәңгі ұйқыға кеткен 429 совет жауынгері жатыр. Әрбір бейіттің басына ақ гранит тас-тан қашалып құлпытас — ескерткіш орнатылған. Ескерткішке кішкене қызыл жұлдыз салынып, жауынгердің аты-жөні, туған және қаза тапқан жылдары қашалып жазылған. Қабырдың айналасына егілген шок-шок гүлдер жауынгерге құрмет пен сүйіспеншілікті білдіргендей басын төмен салып ырғалады да тұрады... Жауынгер денесіне иілген кішкене қызыл тулар секілді...

Аралап келеміз. Неше алуан фамилиялар кездеседі: орыс та, украиндық та, татар да, өзбек те бар...

Ортада басындағы құлпытасы қызғылт мрамордан жасалған жеті қабір жатыр. Олар — Совет Одағының батырлары екен. Көріп келеміз. Ескерткіш мрамордың бетіндегі «Совет Одағының Батыры Жүсіпов Мәжит 1924 жылы туған, 1945 жылы қаза тапқан» деген жазу көзімізге оттай басылды. Иә, бұл қазақ жауынгері болу керек! Кейін сол зиратты күтушілерден оның аты-жөнін сұрап едік, қазақ деген күдігімізді растады... Бірақ, нақтылы документ жүзінде айтып беретін түсінігі болмады.

Анығы, ол Праганы азат ету үшін күрескен болу керек. Мүмкін ол Волгадан Прагаға дейін барған қазақстандық 38 дивизияның жауынгері болар. Әлде 1945 жылы 9 майда Прагаға келіп кірген совет танкистерінің бірі ме? Ол жылғы май күндері Прага тарихында ұмытылмас болып мәңгі қалды ғой! Праганы қоршаған немістер жанталайсып суға кеткен адамша тал қармаған. Олар боса да жеңілген соң талай ғасыр жасаған алтын Праганы астына қопарғыш зат қойып түгел аспанға атпақ болды. Миналарды әзірледі. Қаланы қалай талқандаудың жоспарын жасап, енді бір сәтті күтіп отырған олар. Болғалы жатқан апатты сезген чехтар

радиомен бүкіл әлемге «Апат үстінде тұрмыз, құтқарыңыздар!» деп жар салды. Дабыл қақты, жәрдем сұрады! Сонда совет танкистері Берлиннен суыт шығып, қалаға келіп кірді... Сөйтіп фашистердің арам қолын қағып қалды... Сол жолы Прагаға бірінші болып кірген № 23 совет танкі көзір ескерткіш ретінде тұғырға қойылған. Қаланың ортасында тұр. Прагалықтар өз қаласының көркіне сүйсінгенде сол танкке ерекше бір сезіммен қарамай кете алмайды! Сол май күндері Мәжит Прагада жаумен арпалысқан. Сондықтан да бауырлас чех халқы оны да басқа совет жауынгерлерімен бірге құрметпен есте тұтады, пионерлер көктем сайын Мәжит зиратының басына гүл отырғызады...

Қаланың екінші шетінде әскери музейдің алдында тағы да тұғырға қонған танк тұр. Ол — екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Чехословак корпусының жауынгерлеріне берілген совет танкі... Қаһарлы «Т—34».

Танктің жақтауында «Лидице» деп жазылған. Білесіңдер ме, балалар, Лидице деген сөздің қайдан шыққанын? Ол бір шағын селоның аты. Жер жүзінде атағы шыққан, өздері кішкене болса да үлкен қалалардан да әйгілі болған екі деревня бар. Бірі — Франциядағы Орадур да, екіншісі Чехословакиядағы — Лидице. Екеуі екі жерде тұрып қалай қатар айтылады? Оның себебі бар.

Екі селоның тағдыры бір-біріне ұқсас. Гитлершіл басқыншылар Лидице деревнясына басып кірген. Оның қарсыласқан халқына өшігіп деревняны жойып жіберген. 14 жас-тан бастап 80-ге дейінгі ер адамдардың барлығын жинап алып, немістер жайратып салған да, әйелдер мен қыздарды Германияға еріксіз алып кеткен. От қойып барлық үйлерді өртеп, артынан трактормен деревня тұрған жерді айдап тастаған. Басқыншылар жыртылған жерге арпа әкеп сепкен...

Франциядағы Орадур деревнясын да басқыншылар осылай жермен-жексен еткен,

орнын трактормен жыртып тастаған... Кейін деревняға 14-ақ адам оралды. Әлгі танкті осы деревняның құрметіне «Лидице» деп атаған... Қазір Лидице қалпына келтірілді, қайтадан деревня құлпырды, адамдар қоныстанды, өмір қайтадан шешек атты. Сөйтіп, өмірдің өлімді жеңетіні тағы да бір айқындалды...

Осы ескерткіштердің бәрі чех халқының бауырмалдық құрметін білдіреді... Влтаваның өр жағасында ақ мрамордан жасалған заңғар ескерткіш тұр. Ол совет халқына, чехтардың өз азат етушісіне арналған...

...Біз Готвальд қаласынан Прагаға келе жатқан едік... Вагон ішінде совет туристері қосылып өлең айтып отырғанбыз. Терезе алдында бір кішкене чех қызы тұрған. Бір кезде ол бізге қосылып, өлеңді орысша айтып кетті... Артынша танысып, сөйлесіп қалдық. Аты — Надя, фамилиясы — Регикова екен. Прагада 7-класта оқиды. Пионер. Орысша жап-жақсы сөйлейді.

— Біз екінші кластан бастап орыс тілін үйренеміз, — деді Надя.

Біз қандай әнді бастасақ та, ол қосыла кетеді... Надя Горький мен Пушкиннің, Гайдар мен Островскийдің шығармаларын біледі екен. Ол поездан үйіне түсіп кеткен. Ертеңіне біздің Прага университетінің жатақханасында екенімізді біліп, шешесімен келді. Үйіне қонаққа шақырды... Үйіне барғанда,

Лениннің, Горькийдің шығармаларын көрдік. Әкесі де, үлкен атасы да коммунистер екен. Совет пластинкалары бар... Біз лагерьге кеткенде қимай әрең қалды. Қайтатын күні бізді Праганың вокзалында таңертеңнен күтіпті. Кешкі 8-де келіп едік, ол бізбен бірге Праганы аралады, сағат 11-де шығарып салды. Хат жазыңыздар деді, совет пионерлеріне көп-көп сәлем айтты.

Алматыға келгеннен соң тағы бір хат көрдім. Чехословакиядан келіпті. Прага оқушысы Ольга Зиманова № 12-казак мектебінің 6 «а» класының оқушысына жазыпты. «Таныс емес досым! Мен Прагада тұрамын. Мектепте оқимын! Біздің екі ел туысқан ғой. Мен де сенімен достасқым келеді. Маған хат жаз» — депті Ольга.

Осылай екі ел арасындағы достық, туысқандық тамырлары ұласа тереңге кетіп жатыр... Бұл үлкен де шынайы достық өткен ғасырларда Чехословакияға орыстың атақты ұлдары Петр I, Тургенов пен Гоголь, Горький, кейін ұлы Ленин келгенде ұрық сепкен... Ұлы Отан соғысында совет халқы мен чех халқының бауырластығы жанағы айтқандай қатерден өтіп, канмен бекінді... Біз де осы сапарда сол шынайы достықты, туысқандық сезімді әрбір чехтың жүрегінен, келбетінен көріп, біліп қайттық.

КАМАЛ СМАЙЛОВ.

«КҮШТІМІН»

Күштімін Дарханнан,
Қарап тұр, күресем.
Бірақта арқамнан,
Мұқият тіре сен.


М. ІЛІЯСОВ.

ОЙЫН ТАРҚАП КЕТІПТІ

Ат қып мініп шыбықты,
Жарысқанда топ бала.
Соңғы орында тұрыпты,
Қалып қойып бос бала.

Үйге келіп құлақшын,
Киді үлкен етікті.
Озу еді ой-ақ шын,
Ойын тарқап кетіпті.

А. САЛЫБАЕВ.



Прага. Влтаваның жағасындағы ұлттық театр үйі.

Әже соңы

Әңгіме

Қызыл сиырдың дәл со күні жоғалатынын білгендей-ақ, ертеңгі шәйді ішіп отырып, папасы Даниярды сақтандырған болатын.

— Өлімнен ұят күшті, балам. Қызыл сиырдың сұмдық жемір екені өзіне белгілі. Абай бол! Біреудің жаюлы кірін жалмап қойып жүрмесін. Күлкімізді тия алмаспыз сосын!

Бұған Данияр ләм деген жоқ. Тек басын изей салды. «Несін айта бересіндер, білеміз» деген сиық білдіріп отыр. Жаратпағанда шолақ танауын шүйретін өнер тауыпты соңғы кезде. Папасы мұны сезсе де, сезбегендей. Ендігі әңгіменің бір жағын қалжынға сайды.

— Бұ неткен айлалы десеңші қызыл сиырды. Бір күні сені алдап соғады ол!

Данияр езу тартты. Кеудесін соғып:

— Мені ме?! — деді таңырқағандай.

Басқа дәнене демесе де, папасы оның не айтқысы келгенін сезіп отыр. Даниярдың қысық көзінің қисия түсіп, шолақ танауының желбірей қалуынан — оның бар шіренген түрінен: «Сол да сөз бе екен! Даниярдың атакты барлаушы екенін білмеуші ме едіңдер! Талай айттым ғой. «Жау жақтың» жасырған «миналарын» алдымен іздеп табатын кім? — Данияр. Барлаушылардың командирі болып әрдайым кім сайланып жүр. Данияр! Ендеше айтып отырғандарың не?» дегендей пікірді білуге болар еді.

Даниярдың папасында бір мінез болатын. Өзінің көңіліне бір нәрсе жақпай қалса, қара мұртының сол жақ қанатын ширатып, егер тамақ ішіп отырса, ішпей қоя салатын. Баласының үрген бүйендей мақтаннан торсып отырғаны ұнамады ма, әлде шәйға қанғаны ма, қолын мұртына апара берді де, «болдым» деп, кесесін алақанымен жапты. Қабағын сәл шытқандай. Папасы Даниярға: «Мені алдай алмайсың, онан да шыныңды айт, сенің ішегіңнің қырына дейін білемін деуші еді. Данияр әкесінің ішінде не барын білмегенмен, мынау қою қара қабақтардың сырын жақсы біледі. Сол қас-қабағының арасы қосылып кетсе, шарт ететін жазды-гүнгі аспандағы екі көш қара бұлт тәрізді екенін Данияр бала болса да, байқай жүреді. Екі қабақ түйілсе тұтасып түнеріп кетеді. Содан сезіктенгендей, Данияр әкесінің қабағына көзінің қиығын тастады. Бірақ ашуланған түрі көрінбейді. Тек жаңа қалжындағанда бетінде ойнаған күлкіні жиып алыпты. Даниярға:

— Е жарайды, балам, мықты бол! — деді де, қалтасынан көзілдірігін алып, газетіне үңілді.

Енді бір сәтте сидан аяқтар Даниярды құстай ұшырып ойынға әкетіп еді.

Даниярдың барлаушы атағына кір келтіретін оқиға дәл со күні кештен басталды. Өйткені қызыл сиыр үшті-күйлі жоғалып кетті, ал атакты барлаушымыз қанша көреген болса да оны таба алмады. Ол неғып қызыл сиырдан айрылып қалды екен? Әлде мойны жар бермей дер кезінде алдынан шықпады ма? Жоқ, жоқ, атай көрмеңіз!

Данияр да қызыл сиырды әсте есінен шығармайды. Қандай ойынның қызығына түссе де, жүгіріп табынды қарсы алады. Өйткені барлаушы заңы қатал!

Әне, еріне басып қызыл сиыр да келе жатыр. Данияр бері жақындай түссін деп күтіп тұр. Оның бір әдеті, қызыл сиырды ысқырып қарсы алатын. Мұнысы «Марш қораға!» дегені. Сол әдеті бойынша, ерні мен тілін оңтайлап, демін ішіне жаңа жия бергенде, ол үшін арт жағынан біреу ысқырып жіберді. Жалт қараса — Тоқтарбек! Үлкен қашарға аттай мініп алыпты. Батып бара жатқан күннің қызыл сәулесінен ұялғаны ма, бір жақ көзін жұмып, сығырайып отыр.

— Бері кел, қызық бар! — деді Тоқтарбек.

— Өзін кел...

— А-а-а. Рахмет, ендеше, сэр. Келмесен, қызық естімейсің.

— Немене? — деді Данияр артындағы табынға қарайлап. Сол екі арасынша болмады, (айтты айтпады, неткен айлалы қарасан!) қызыл сиыр бір қалтарысқа сып беріп, өтіп барады екен!


Данияр айылын жия қойған жоқ.

— Ешқайда кетпессің! — деді ішінен. Сиыр енген қалтарысты көзімен белгілеп алды да, жүгіріп Тоқтарбектің қасына келді.

— Ал немене, айт!

— Сикыршы артист келіпті!

— Түһ, сол ма еді! Оны мен сен ұйықтап жатқанда білгемін, — деп Данияр жерге бір түкірді де, қызыл сиырдың соңынан тұра жүгірді. Арада бір-екі минут өтті ме, өтпеді ме? Сол мезетте, қас пен көздің арасынша ақ қызыл сиыр ғайып болыпты. Данияр саса бастады. Қай үйдің бақшасына түсіп кетті екен, қарасан. Әлде жемір неме кірге сұқтанып, біреу қорасына қамап қойды ма? Қа-



лайда тез қимылдау керек. Үлкен ауылды үй басы аралап үлгірмейтін болған соң, Данияр қызыл сиырдың соңына өзінің бүкіл барлаушылар отрядын салып еді, бәрібір түк болмады! Міне, түн. Ел орынға жата бастады. Балалар таң сәриден іздемекке серт байласып, үйді-үйлеріне тарады. Өйткені көзге түртсе көрінбейтін мына меңіреу қараңғы түнде жоқ іздеу — бос әуре. Амалы құрыған Данияр иығы салбырап үйіне қайтты.

— Ә, разведчик! Төрлет! — деді папасы оқып отырған кітабынан басын көтеріп. Өзі ете көңілді. Қызыл сиырдың табылмағанына қуанып отырған сияқты.

Сөзге Даниярдың шешесі араласты.

— Бақандай онға келгенше сиыр қайыруға шамаң жетпесеші. Жұрттың өзіндей балаларын қарашы, онан да үлкен шаруаны тапжылтпайды, — деп кейіс білдіріп жатыр.

Даниярдың өз міні өзінде. Үнсіз. Әсіресе әкесінің «разведчик» деп кекеткені етінен өтіп, сүйегіне жетті. «Әкеме разведчикпін деп бекер бөскен екенмін» деп өкінеді. Данияр алдына қойған тамақты зорлағандай ішті де, жатып қалды. Түні бойы қызыл сиыр түсіне кіріп, мазасы кеткен ол ерте оялды. Терезеден құлаққа «сытыр-сытыр» дыбыс естіледі. «Жаңбыр!» деп ойлады, ішінен бұйығып жата берейін деп еді, қызыл сиыр есіне түсіп кетіп, төсектен атып тұрды. «Іздеп табу керек қалайда!» Тез-тез киініп сыртқа шықты. Жауын себездеп тұр. Басулуға айналған. Арт жағы ашық. Күн айығады түске жетпей! Даниярдың әуені шарлаған көзі сазды жерге түсіп кетіп еді, ауа райына байланысты жүрегін ұялай бастаған қуанышы, лау етіп зорайып, кеудесіне симай кетті. «Ур-ра!» деп айқайлады ол таныс ізді көзімен ішіп-жеп. Екі езуі екі құлағында, арсалаңдап үйге еңтіге кірді.

— Мама! Мамочка! Мамажан! Қызыл сиыр табылыпты ғой! Жок, табылыпты деппін, жоғалмапты ғой ол! М-м-м... білдім-білдім. Кеше үйге папамның өзі айдап әкелген ғой. Өзіміздің қораны неғып қарап шықпадым. Қап! Ойыма келсеші! — деп «разведчик» бармағын тістеді.

Бірақ мамасы:

— Табылды деуің не? Қора сиыр жатқан қораға ұқсай ма? — деді де, артынша: — суы енді-енді іркіле бастаған!

— Өй құрмағыр! — деді тағы да жымыңдап. Құлкісін көрсеткісі келмегендей, қолындағы шөлмекті орамалмен сүрткен қалпы теріс айналды. — Құрмағыр-ау! Із қайыруды білгенде, малды уақытында үйге айдап әкелуді неге білмейсің?!

Данияр мамасының даусын әбден зерттеп алған. Дәл кәзір ұрсып тұрған жоқ. Қайта Даниярға: «Келші, құлыным,» деп тұрғандай. Данияр жүгіріп барып, мамасының құшағына еніп кетті.

— Ә, табысыпсындар ғой. Қалай «разведчик». Бөсеміз бе тағы!

Данияр жауап орнына, енді жүгіріп барып папасын құшақтай алды.

ШЕРИАЗДАН ЕЛЕУКЕНОВ.

САБАҚТАН СОҢ

— Бес алдың ғой, сірә, сен.
Ойнап жүрсің секіріп.

— Жоға, тәйірі, сұрасаң,
Тағы қойды ол екілік.

Мұғалім де қызық-ау,
Сұрап берген сабағын...
Сұрамайды неге әжем,
Күнде берген тамағын!

Ә. ТІЛЕУБЕКОВ.

«ҚАМҚОРЛЫҚ»


Күні-түні бақша ішін ізғұтты
Сан аралап, әрлі-берлі із ғыпты.
Қызармаған көк жапырақ бақтағы
Алма, өрікке кесек атып ызғытты.
Қарт әжесі қанша айтса да

болмайды,

Дейді: «Ұшырдым шұқып тұрған
торғайды».

Жоғары ұшпай, жерге қонған
өрікті
Қалтасына салып алып «қорғайды».

ТҰРАП АЙДАРОВ.



ЖАСЫРЫНБАҚ

Әңгіме

Витя мен Шурик көрші тұратын. Олар біріне бірі қонаққа жиі барысушы еді. Мінекей, бұл жолы Витя Шурикке мейман болып келді.

— Кел, жасырынбақ ойнайық! — деді оған Шурик.

— Кел,— деп Витя құптай кетті.

— Шурик, алдымен мен тығылайын! — деді.

— Ал, жарайды, мен көзімді жұмайын,— деп Шурик сенекке кетті.

Витя жүгіріп үйге кірді де, кереуеттің астына еніп:

— Болдым! — деп айқай салды.

Шурик келген бойда, кереуеттің астына үңіліп еді, оны лезде-ақ тауып алды. Витя кереуеттің астынан шығып бара жатып:

— Жок, бұл болмайды! Мен жақсылап тығылғаным жок! Егер жөндеп тығылсам, сен мені таба алмас едің. Мен қайтадан тығыламын,— деді.

— Ал, жарайды, қайта тығыла ғой,— деп Шурик бұған көнді де, тағы сенекке барды.

Витя аулаға шығып кетті де, тығыматын жер іздеді. Байқап қараса, шоланның жанында ит жатақ тұр, ішінде Бобик жатыр. Ол жалмажан Бобикті үйшігінен қуып шықты да, орнына өзі барып отырып, тағы да:

— Болдым! — деп айқай салды.

Шурик аулаға шығып, Витяны іздеуге айналды. Іздеп-іздеп, мүлде таба алмай қойды. Ал, Витя итжатақта отыра-отыра жалықты білем, ішінен басын қылтитып қарай беріп еді. Шурик бірден көріп қойып:

— Ә, сен мында кіріп кеткен екенсің ғой! Шық! — деп айқай салды.

Витя итжатақтан шығып жатып:

— Жок, бұл дұрыс емес! Мұны сен таптым деме. Мен өзім қараймын деп көрініп қойдым,— деді.

— Ә, ендеше, неге қарадың?

— Итжатақта бүгіліп отыра беруге мен жалығып кеттім. Егерде, мен бүгілмей отырсам, сен мені таба алмас едің. Мен қайта тығыламын.

— Жок, енді тығылатын менің кезегім,— деді Шурик.

— Олай болса, мен сенімен мүлде ойнамаймын,— деп Витя өкпелеп қалды.

— Жарайды, сен сөйтсең, тығыла ғой,— деп Шурик тағы көнді.

Витя үйге кіріп, есікті жапты, сонан кейін киім ілгішке барды да, пальтоның ішіне тығылды. Шурик оны тағы да іздей бастады. Ол үйдің есігін ашуы мұң екен, Бобик ішке жылт етіп еніп кетті де, тура киім ілгішке барып, Витяның қасында еркелеп, құйрығын былғандатып тұра қалды. Витя бұған ашуданып, Бобикті итермелей бастап еді. Шурик көріп қойып:

— Ә, сен мында екенсің ғой! Киім ілгіштің артында-сың! Шық бері! — деп айқай салды. Витя бері шықты да:

— Жок, болмайды! Сен мені таба алған жоксың! Мені Бобик тауып қойды. Мен қайта тығыламын,— деді.

— Әй, сенің бұның не? — деді Шурик. — Ылғи сен тығыласың да, үнемі мен іздей бермекпін бе.

— Жок, сен мені енді бір қабат тауып ал, сонан соң сен тығыласың,— деді Витя.

Шурик қайтадан көзін жұмды, Витя жүгіріп ас үйге барды да, ыдыс-аяқ қоятын шкафтың ішіндегі бар ыдысты сыртқа алып қойып, өзі соған кіріп:

— Болдым! — деп айқай салды.

Шурик ас үйге келсе, ыдыс-аяқтың бәрі сыртқа шығып қалыпты, Витяның қайда екенін айтпай-ақ білді. Ол аяғын ептеп басып, шкафтың қасына келді де, сыртынан ілгегін



салып қойды. Сөйтті де, өзі аулаға шығып, Бобикпен жасырынбақ ойнауға кірісті. Тығылса болды, Бобик оны іздей бастайды.

«Жақсы болды-ау! — Витямен ойнағаннан Бобикпен ойнағанның өзі әлдеқайда жақсы екен ғой», — деп ойлады Шурик.

Ал, Витя болса, шкафтың ішінде отыратыра әбден жалығып кетті. Сонан соң оның ішінен шығайын деп ойлап еді, есігі ашылмайды. Қорқып үрейі ұшқан ол жалма-жан: — Шурик! Шурик! — деп айқайлай бастады.

Шурик оның даусын естіп, жүгіріп келді.

— Мені мынаның ішінен шығаршы! — деп дауыстады Витя. — Неге екенін білмеймін, есігі ашылмайды.

— Кәне, мені іздейсін бе өзін, айтшы, сон-соң босатайын, — деді Шурик.

— Мен сені неге іздеймін, сен мені таба алған жоқсың ғой.

— Неге, таптым ғой.

— Иә, сен мені тапқан жоқсың. Мен өзім айқай салдым. Егерде, мен үндемесем, сен таба алмайтын едің!

— Ендеше, сол шкафтың ішінде отыра бер, ал, мен қылыруға кеттім, — деді Шурик.

— Өйтүге сенің қақың жоқ! — деп айқайлады Витя. — Бұлай ету жолдастыққа жатпайды!

— Ә, солай ма екен, ал мені ылғи іздете беру ше, ол жолдастыққа жата ма?

— Жатады.

— Ал, ендеше, шкафтың ішінде кешке шейін отырасың.

— Жарайды, ендеше, өнді сен-ақ тығыла ғой, тек мені өзің сыртқа шығаршы, — деп жалынды Витя.


Шурик шкафтың ілгегін ашты. Витя шкафтан шығып, ілгектің салынғанын көрген соң:

— Е, мұны әдейі жауып қойған сен екенсің ғой? Саған ерігескенде, мен сені іздемеймін! — деді.

— Іздегеніңнің керегі де жоқ, — деді Шурик. — Менің сенен гөрі Бобикпен ойнағаным оңды.

— Иә, Бобик іздеуді біле ме екен!


— Біледі.



— Ендеше, кел, Бобиктен екеуміз де тығылайық.

Витя мен Шурик аулаға шығып, Бобиктен тығыла бастады. Бобик жасырынбақ ойнауды жақсы білуші еді, жалғыз-ақ, ол көзін ғана жұма алмайтын.

Аударған Р. ЫДЫРЫСОВ.



Аққұйрық соқпақтан



ҚУҒЫН

— Аттан! Аттан!

Үрген ит, шулаған бала, мөңіреген бұзаулардың даусы осы қарбаласта андыздай ұмтылған адамдардың айғайына қосылып, өзен бойы азақ-қазан болды да қалды.

— Қойға үш-төрт қасқыр шапты. Тез, ұмтылыңдар! — деп Айып қырылдаған дауыспен аптыға сөйлейді, бадырақ көзі шарасынан шығып кеткен.

Сол-ақ екен, аттылар сөздің ақырына қарамай, Айып келген жаққа лап қойып, дөңнен лезде асты. Олардың соңынан абалаған бір топ ит те ере кетті.

— Ал енді, біреуі тым үлкен екен, титтей өтірігі жоқ, тап тайыншадай! Сонадай жерден көрсем де, жонындағы жалын да көзім анық шалып қалды!

— Апырмай, Қожахмет аңшы айтып жүрген Аққұйрық сырттан осы болмаса игі еді! Әй, Айып, Байқадың ба, құйрығы ақ па екен өзінің! — деді анадай жерде тұрған Қасым қарт баласына.

— Е, е, е! Тұп-тура! Құйрығының бір сүйемдей ұшы аппақ екен, оны да аңғарып қалдым.

Аққұйрық сырттанның аты жалғыз осы ауылға ғана емес, күллі өлкеге тараған. Өте зор, аса күшті, батыл және жүйрік. Талайлардың таңдайын жібітіп отырған жалғыз сиыр немесе тақымына басқан жалғыз тайын жеп, аңшылардың қолына түспей сытылып кете беретін, әбден әккі еді.

Міне, сол Аққұйрық тағы да қойға шапқан соң, бүкіл ауыл болып тайлы-таяғы қалмастан атқа мінді.

Қалың қойды бытыратып қуып келе жатқан қасқырға бұрын жеткен — Қожахмет аңшының Тұйғыны. Алғашқыда төбеге ұрғандай аңтарылып тұрып қалғанмен, қасқыр қанға боялған тұмсығын тыржытып атылғанда, тазы да айқаса кетті. Бірақ, жұмласып, күш ала алмай жатқан сәтте бір бүйірден тосын тиген Аққұйрық Тұйғынның көк желкесінен ауызды қапсыра салып, тазыны тұмсығымен жер тірете етпетінен түсірді.

Тұс-тұстан шапқан жұрт та қиқулап жақындап қалды, қасқырлар бет-бетімен қаша жөнелді.

— Біразың тез анау екі қасқырды өкшелендер! Ал, сойылдарың барларың, Аққұйрықтың соңына түсіңдер!

Бұл қуғынның ішінде Қожахмет аңшы жоқ-ты. Тек баласы Қабдырай белбеуде байлаулы тұрған көк бесіге жайдақ міне салып, жұртқа ілесе жөнелген.



Әңгіме

Тазылар қасқыр алады деген сеніммен ол қарусыз болса да, итіне сеніп, ай-шайға қарамастан, құйындата шапқан бойы адырдан асып кетті.

Тазының аты тазы, Құмай қасқырды баса көктеп жетті. Құтылмасын сезген Аққұйрық та кенет жалт бұрылып тұра қалды. Бірақ, бұрын қасқыр алып көрмеген ит ауыз салуға батылы бармай, аңтарылып, кілт тоқтады.

Аққұйрық құлағы мен құйрығын жыма, артқы екі аяғын сәл бүгіп, арсиып оқша атылуға даяр тұр. Ол ырылдаған да жоқ, қыбыр етіп, қозғалар да емес. Ал, Құмай болса, құлағы салпиып, апарған көзін көкжалға қадап, қалшия қарап қалыпты.

Осы кезде Қабдырай да жетті. Асығыста құр қол қарусыз шыққан ол аңдысып тұрған ит пен қасқырды көріп, не істерін білмей, айналасына жалтақтап еді, бірақ көзіне қуарған көдеден басқа ештеңе түсе қоймады. Бар тапқан амалы итті қайраттандыру болды.

— Айт! Айтақ! — деп айғай салғанда, Құмай жалт қарады.

Қасқырға керегінің өзі де осы еді. Көзді ашып-жұмғанша ол атылып келіп, иттің алқымынан бір-ақ алды. Қаңқ етуге де шамасын келтірмей, кеңірдегін қиып жіберді де, жайымен жортып кете барды! Ит пен қасқыр арбасып тұрғанда, аңшы әдетте қасқыр жақтан шығып айтақтайтынын, сонда қасқыр адамнан сескеніп, жалт бұрылатынын өзге әккі аңшылардан он төрт жасар Қабдырай енді білді.

— Құмайыңның кегін қайтсек те аламыз. Аққұйрықты қолға түсірмей тынбаймыз! — деп Қабдырайды жұбатты да, кешігіп жеткен қуғыншылар аяндап ауылға қайтты.

ТҮНДЕГІ ТОСҚАУЫЛ

Жаз. Ауыл Есіл өзенін бойлай екі жағалауына да селдір құрақ өскен бір қыратқа қонған еді. Кеш, тымтырыс. Ел орынға отырып, тек киіз үйлердің түндіктерінен бықси шыққан түтін мен жанған оттың жарығы ғана көрінеді.

Ауылдың шетін ала оқшаулау Қожахмет аңшының төрт қанат қара үйі тұр. Ішке бір адам кірді.

— Кеш жарық!

— Жоғары шығыңыз, Қасеке! — от басында ағаштан күзеншелек жасап отырған Қожахмет жұмысын тоқтатты.

— Менің келгенім, — деді Қасым төрге шығып, — ауылдың иттері түні бойы үріп шығады. Қотанды түнде, сірә, ұры немесе ит-құс торып жүреді білем...

Қожахмет ертеңіне күні бойы мылтығын, тағы да басқа қаруларын әзірлеп, кешке ымырт жабыла ауыл сыртындағы қыраттың бір шұңқырына барып жасы-

рынды. Түн құшағына еніп, мүлгіген далада қыбыр өткен дыбыс естілмейді. Ай арқан бойы көтерілген кез. Алдынан қылаң ете түскен бірдемені аңшының көзі шалып қалды. Үңіліп қараса, тайыншадай бір қасқыр аяңдап, қыратқа шығып келе жатыр екен.

Жонға шыққан соң ол әлде неден сескенгендей, Қожахметке қарсы жүрмей, солға қарай ойысып кетті. Бағытына қарағанда, ауылды орағытпақ түрі бар. Екі бірдей тазысын жайратып кеткен жауыз сырттанды көргенде, Қожахметтің көзі қанталап, әжімденген беті сұрланып, мылтығының шаппасына саусағын апары берді. Бірақ, атайын десе алыс. Қасқыр ұзап, тағы да бір төбені айналған кезде тасаға түсіп, ол ауылға қайтты.

Неше қилы тәсілдерді ойластыра келе, Қожахмет Аққұйрықты жемтік тастап, аңдып жатып, атып алу-дан басқа айла таппады.

Ертеңіне бір арам өлген бұзаудың етін қапқа салды да, мылтығын ірі, бытырамен оқтап, баласы Қабдырай екеуі ымырт жабыла Аққұйрықты аңдытын жерге келді.

Жемтік оқ бойы қашықтыққа тасталды.

Қожахмет төңіректі қадағалап қарап жатыр. Түн ортасынан ауған мезгіл. Жыртқыш келе ауызды салып, жемтікті қомағайлана жұлқылай бастады.

Бірақ, гүрс өткен мылтықтың даусымен бірге қасқыр қаңқ етіп, ата жөнелді. Аузынан қаны ағып, біраз жер жүгірді де, тәлтіректеп барып, мұрттай ұшты.

— Тоқта! — деді Қожахмет қасқырға жақындай берген Қабдырайдың білегінен ұстай алып. — Қатты жараланып жығылып жатса да, адамға шабады, байқа!

Қабдырай орнында тұрып қалды да, әкесі жақындай түсіп, қасқырды есік пен төрдей жерден мылтықпен тағы бір тартып жіберді.

— Бәлі!.. — деді Қожахмет қасқырға төне түсіп, таңырқап. — Мынау Аққұйрық емес екен!.. Қап! Сұмай! Айласын тағы да асырып кетті-ау, залым!

АЙДАЛАДАҒЫ АЙҚАС

Қыс қатайған сайын қасқырлар ашыға түседі. Сол шақта олар тым қорқау келеді. Жем таба алмай ашыққанда, түнде қотанға кіріп, жеке жүрген иттерге дейін алып кетеді. Жазда адамнан ойқастап жүрсе, қыстыгүні, кейде, жалғыз-жарым жолаушыларға да шабады. Мұндайда қарусыз жаяу жүру қатер-ақ.

Ауыл жылқысы ашық күндері тепсеңге шығып жайылатын. Жылқышы — Қожахмет. Бір тынық, шағыл күні ол ауылдан бес — алты шақырымдай жердегі адырда, ойда жоқта, екі қасқырмен кездесіп қалды, бірі Аққұйрық. Қолында сойылы бар салт аттыны көре сала, олар екі жаққа ыдырай жөнелді.

Қожахмет соңдарынан түсті. Астындағы көкбесті біраз шауып, еті әбден қызып алған соң, Аққұйрықтың адымын аштырмай, барған сайын тақымдап, таяна берді. Қалың қарға жете алмайтынын сезген сырттан бір кезде жалт бұрылды да, Қожахметке қарсы қарап, жер бауырлап жата қалды, отты көзі тесіп барады. Қасқырлардың бұл амалына қашаннан қанық кәнігі аңшы құрығын сығымдап ұстап, іркілместен ұмтылды. Аққұйрық та атылды, сойыл да сарт етті. Көзді ашып-жұмғанша болған жоқ, құрық Қожахметтің тері биялайлы қолынан сып етіп ұшты да кетті. Аттының енді қарусыз екенін сезген жыртқыш аяқтарын лезде баурына қыса, мысықтай қомданып, ыңғайланып алды да, өзіне қайыра тура ұмтылған Қожахметтің сол жақ иығын ала атылды. Бірақ, қарулы қол қасқырды алқымынан ала басынан асыра лақтырып жіберді де, әрі қарап өте шықты. Аққұй-

рық зыта жөнелді. Құр қол адам қуғанмен ештеңе істей алмайтынын, ал аттан түсіп құрығын алып қайта қуғанша, талай уақыт кететінін сырттан анық болжады.

ЖЕКЕ ДӘУ

Ауыл балалары Қасым қарттың үйіндегі бір со- балақ қаншықтан жалғыз туған күшіктің атын «Жеке Дәу» қойған еді. Тазы жүндес, тып-тықыр, ақ үкідей.

Былыр қойға Аққұйрық бастаған бір топ қасқыр шауып, тоғыз қой, екі тазыны жусатып кеткен кезде Жеке Дәу недәуір өсіп қалған. Бірақ әлі де ауыл арасында далақтап, балалардың етегіне жармасқаннан басқа, ештемені білмейтін. Әйтседе, сол кездің өзінде-ақ үлкендігі төбеттей, нағыз маң, азулы еді.

Бірте-бірте ауыл адамдары тіпті:

— Әй, Қасым, сенің Жеке Дәуің итімізді талап, көшеде жүргізуді қойды. Тисаңшы мына бүлігіңді, әйтпесе, байлап қойсаңшы! — дейтінді де шығара бастады...

... Жаз. Ауыл көшіп, тағы да Шұбардың төңірегіне қонды. Бір күні қапылыста жайылымға жіберілген екі жеккі өгізге бір топ қасқыр шауып, ауыл азан-қазан болды. Епті жыртқыштар өгіздің біреуін әп-сәтте жайратып үлгіріп, айғай салып аңдыздап келе жатқан бір топ адам, абалаған иттерді көрісімен, тоғайдың ішіне қойып кетті.

Қожахмет ішінен «не істесем екен» деп, оң жағына мойнын бұрса, қасында Жеке Дәуді басынан сипап Айып тұр. Бұл кезде Жеке Дәу әбден жетіліп, тайыншадай ит болған.

— Мен қазір Аққұйрықты қуамын! — деді Қожахмет жұлып алғандай.

— Қалай қарай кеткенін қайдан білесіз!

— Олар әлі ұзай қойған жоқ, әрі кетсе, осы тоғайдың арғы бетіндегі адырдан асулары мүмкін. Сол адырдың аржағындағы шіліктерді қағып көремін.

— Онда мен де бірге барайыншы!

Олар жиналып-теріліп шыққанша, арада бие сауымындай уақыт өтті. Қожахмет сойылын алып, Айып



Жеке Дәуің ертті де, екеуі бөлініп ағаш арасын қақты. Адырдан асып, алқапты шарлады, біраз жүрген соң айналасын шілік басқан томарларға кездесіп, оларды да қаға жүрді. Бірақ көздеріне ештеңе түспеді.

— Сірә, солар басқа бағытпен кетті-ау деймін, әйтпесе, осынша ұзайтындай болған жоқ еді,— Қожахмет сенделіп жүрістен түңіле бастағандай.

Бірақ, алдан, ойда жоқта, арпалыс басталып кетті.

Екі жүз метрдей жердегі ойдым-ойдым алаңды шілікке кірген Жеке Дәуді бір топ қасқыр ортаға алып, айқасып жатыр.

Іле-шала, аттыларды көріп, бөрілер бет-бетімен қаша жөнелгенде, Жеке Дәу біреуін тақымдап, шіліктің тасасына жоқ болды. Қожахмет те, Айып та қасқырларды құйғытып қуа жөнелді.

Осы топтың ішінде Аққұйрық та бар еді. Бір қарбалаңда Жеке Дәуге тап берді. Бетпе-бет ұмтылып ауыз салысты. Лезде-ақ Жеке Дәудің сол құлағының қақ жартысын сырттан жұлып алды. Жекпе-жек айқас. Уыс-уыс жүндер бұрқырап түсіп жатыр. Бірінің бірі терісін сойып жіберген. Екеуінің де үсті-бастары қып-қызыл қан.

Өстіп таласып жүрген кезде, Аққұйрықтың тұмсығы кенет Жеке Дәудің аузына, ал Жеке Дәудің астыңғы ұрты Аққұйрықтың азуына түсіп, екеуінің де жақ сүйектері қатты сіресіп қалды. Сілкілесті, бірақ әбден әлсіреп, бірін-бірі айқара тістеген бойы жерге сылқ құлады.

Біраздан кейін алдарына екі қасқыр өңгерген Қожахметтер Аққұйрық пен Жеке Дәудің жекпе-жек өлімінің үстінен шықты.

ШАҒЫБАН РАҚЫМБЕКОВ.


КІМ КІНӘЛІ?

Сия сауыт састы да,
Қашты парта астына.
Ұрыншақ тым қаламұш —
Әр затқа бір қадалғыш.

Кітап тыным таппады;
Орнында жай жатпады,
Түсті еденге шашылып,
Сумка қалды ашылып.

Ал, қарындаш:
Партаны,
Шимайлағыш картаны.
Бәріне де кінәлі —
Өзіміздің Мірәлі.

Әдібай Табылдыев.



ЖАҢА ӘДІС

Бір парақ дәлтерден жыртылды,
«Екілік» жоқ енді, құртылды.



ГАРМОН ҚАЙЫҚ

Володя мен Петя темір жол бойына жақын кішкене деревняда тұрады. Деревняның сыртында орман бар. Орманды жиектеп өзен ағып жатады. Жазда Володя мен Петя екеуі осы өзенге барып балық аулайды.

Бір күні олар өзенге шомылуға барды. Киімдерін шешіп, суға енді ғана қойып кетпек болып тұр еді, осы сәтте орман арасынан бір бейтаныс адам шыға келді. Басында үлкен боз қалпағы, иығына асқан қапшығы бар, ұзын бойлы адам төбешік басында сәл аялдап, жан-жағына көз тастады да, балаларға қарай жүрді.

— Аңшы ғой бұл,— деді Петя.

— Жоқ, аңшы емес,— деді Володя,— мен білсем, бұл турист. Аңшы болса мылтығы болмай ма?

Бейтаныс адам балаларға таяп келіп, амандасты да, қапшығын иығынан алды.

— Қайық төменде,— деді Петя өзеннің төменгі жағын қолымен нұсқап.

— Маған қайық керек емес,— деп жымыды бейтаныс адам.— Менің қайығым дайын.— Ол осылай деді де, қапшығын шешіп, ішінен гармонға ұқсас бір көк жәшікті суырып алды.

Балалар күліп:

— Мұның несі қайық? — десті.

— Қайықтың нағыз өзі бұл,— деп турист әлгі жәшіктің ілгішегін ағытып қалып еді, ол гармонша созыла түсіп, сол сәтте қайық қалпына келді.

— Міне, тамаша! — деп таңданысты балалар.

Ал, Володя өз көзіне өзі сенбей, қайықтың жиегінен қайта-қайта ұстап:

— Өзі жеңіл ғой. Алюминнен жасалған ба? — деп таңдана берді.

— Жоқ, балақандар, мұның жиегі пластмассадан жасалған. Пластмасса болғанда әлгі сендердің автокаламдарын жасалған пластмасса емес, бұл ерекше түрі. Мұның салмағы тығыннан жеңіл, қаттылығы тастан мықты.

— Ал, мынау резина ма? — деді Петя қайықтың табанын сипап.

— Иә, шамаладың, балақай. Табаны пластмасса мен каучуктен жасалған. Сондықтан да, қайық гармонға ұқсап жиналады.

— Өзі қымбат тұратын шығар?

— Жоқ, арзан. Сендер пластмассаға



арзан заттар жұмсалатынын білмейсіңдер ме? Мұнай, кәдімгі тас көмір, тіпті ағаштың үгінділері де пайдаланылады. Осы жетіжылдық ішінде бізде пластмассадан мұндай қайықтар көптеп шығарылады. Тек қайық емес, сан алуан машиналар, кемелер жасалып, үйлер салынады,— деп пластмасса жайын түсіндіре сөйлеген турист сағатына қарады да, қалпағын баса киіп, қайықты суға түсіріп, арғы жағаға қарай жүзе жөнелді.

Тамаша қайыққа қызыққан балалар да суға күмп беріп, бейтаныс кісіге ілесе жүзіп бара жатты.

КӨГІЛДІР ҚАЙНАР БАСЫНДА

Жінішке соқпақ жыланша ирелендеп кеп, орман ішіне кіріп жоғалды. Осы кезде Гриша бір қайың түбінде өсіп тұрған саңырауқұлақты көріп, қуанғанынан айқайлап жіберді.

— Федя, мен таптым!

Гриша дереу саңырауқұлақты жұлмақ болып, ұмтылып еді, бірақ оны Федя бөгеп қалды.

— Жұлуға болмайды. Саңырауқұлаққа зиян келеді.— деді де қалтасынан шаппасын алып, түбінен тақай кесіп алды.— Осылай ету керек. Саңырауқұлақтың тамырына зақым келмесе ол қайтадан өседі.

Осыдан былай қарай саңырауқұлақтар көзге жиі түсе бастады. Көп ұзамай бала-

лар үш қызыл саңырауқұлақ, он шақты қозықұйрық теріп алды. Шыбық торлары лықылдай толып, олар селоға оралмақшы болып еді, кенет Гриша жазықтың ана шетіне қарады да, бір қайыңнан көз алмай тұрып қалды. Үстіндегі киімін біреу сыпырып алғандай әлгі қайың жап-жалаңаш, ал жанындағы ағаштар көкпеңбек.

— Федя, көріп тұрсың ба, ана қайыңды? — деді Гриша.

— Иә, — деді де, ол жүгіре жөнелді.

Жапырағынан айырылған қайың түбі жалаңаштанып қалыпты. Бұған Федя зер сала қарап:

— Байқайсың ба, құрт жайлаған мұны, — деді.

Гриша Федя қолымен нұсқап көрсеткен жерге қанша тесіле қараса да, ештеңені көзі шалмады. Тек қайыңның түбінде түйір-түйір кесектер жатыр.

— Ештеңе көріп тұрғаным жоқ, — деп Гриша шынын айтты. Сол-ақ екен, Федя жерде жатқан кесектің бір түйірін алақанына салып езіп қалды да:

— Міне, мынау құрттың ұрығы. Қарашы, әнекей, быжып жатыр, — деді.

— Онда орманшыға хабарлайық. Көгілдір Қайнар арқылы төте кетсек қашық емес.

— Онда кеттік.

...Ішінде қатар-қатар жәшіктер тұрған ұзын дәлдізде балаларды күзетші Ефрем қарт тоқтатты.

— Иә, балақайлар, неге келдіңдер?

— Бізге орманшының өзі керек, — деді Гриша.

— Онда қандай жұмыстарың бар? Маған айта беріңдер.

— Жіберіңізші, атажан. Біз бір маңызды жұмыспен келіп тұрмыз. Ағашқа түскен құртты байқадық, — деп Федя жалына сөйледі.

— Жә, жә... Құрт дейсіңдер ме? Онда бара қойыңдар тез.

Балалардың хабарын тындап болған соң орманшы қабағын шытып, столының үстінде жатқан картаға үңіліп қалды.

— Сонымен, Көгілдір Қайнарда дейсіңдер ме?

— Иә, иә, сонда. Әлгі жазықта.

Орманшы ойланып қалды.

— Айтыңызшы, — деді бір кезде Гриша жайына тұрмай, — құрт орманның бар ағашына зиян келтіре ала ма?

— Кәзір зиян келтіре алмайды. Ал көктемде ұрықтарына жан бітіп, ағашқа түсіп, жапырақтарды қия бастайды. Біз бірақ көктемге дейін құрттың дандайсуына жол бермейміз. Құрт жайлаған ағашқа керосин мен қара май жағып тастаймыз, — деп құрт жайын айтқан орманшы тағы да ойланып тұрды да, — бірақ бізде адам аз... Қалай болар екен? — деді өзінен-өзі күбірлеп.

Мұны естіп қалған балалар:

— Біз көмектесейік. Селодағы балаларды біз жинап келеміз, — деді жарыса сөйлеп.

— Онда тіпті жақсы, алғысымызды айтамыз, — деп көңілденіп қалды орманшы.

— Біз кәзір-ақ жетеміз, — деген екі бала бөлмеден жүгіре шықты.

Түс ауа Көгілдір Қайнар басына бір топ бала жиналды. Олар жұмысшыларға керосин мен қара майдан қоспа жасауға көмектесті. Қайың, шырша, қарағай түптеріне қара май жағысты. Федя мен Гриша құлшына қимылдады. Олар ағаш түбіндегі құрттың ұрықтарын қырғышпен қырып алып, отқа жағып жүрді.

Жұмыс аяқталар шақта Ефрем атай мен орманшы келді. Ефрем атай арбасынан бір кішкене қапшықты алып жерге қойып еді, оның ішінде бірнәрсе жыбырлап, қимылдағандай болды.

— Ой, ананың ішіндегі немене? — деп айқайлап жіберді Федя.

Ефрем атай жымып, қапшықтың аузын шешті де, одан кішкентай ақ тиынды тыпырлатып алып шықты.

— Мә, ұста, — деді Федяға ұсынып, — орманға жасаған қамқорлықтарың үшін, бұл біздің сендерге тартқан сыйлығымыз.

**В. АНДРЕЕВ,
И. ШИПАНОВ.**

ТЕХНИКА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Харьковтың машина жасау заводы Антарктиканы зерттеу үшін қалың қарда жүре алатын «Пингвин» атты машина жасап шығарды. Бұл жыланбауыр машинаның алюминнен жасалған үйі бар. Бұл үйдің көлемі 32 шаршы метр. Мұнда асхана, мейманхана, лаборатория да бар.

Жақында түрлі документтерді сиясыз,

баяусыз, дәл өз нұсқасындай етіп көшіретін жаңа машина шығарыла бастады.

Документтің негізгі нұсқасы жылыны тез өткізгіш қағаздың астына қойылады. Содан соң инфра-қызыл шам жағылады. Шамның қызуы жазуға өткенде, үстіндегі қағаз реакцияға еніп, документтегі сөздер ақ қағазға көшіріліп қалады.



ӘСИМА



Әңгіме

Төрелігін өздерің айта бөріндер, достарым, қарындасым екеуміздің бүгінгі әңгімеміз тағы да мынандай бір қақтығыстан басталды:

— Сен өзін бермен кел,— деймін алдымен мен сөз бастап,— сенімен жөндеп сөйлескім келіп отыр.

— Немене, бірдене демексің бе? — Әсіма бұрымындағы желбіреген бантигін бір сипап алып, қайырылып тұра қалады.

— Иә, бірдене дегелі отырмын,— деймін бұ жолы оның қырсығына тие, бір айтқанда келе қойса, несі кетеді.

— Құлағым сенде! — Міне, көрдіңдер ме, бұны айтып тұрған да Әсіма.

— Маған құлағыңның үш тиынға кажеті жоқ. Өзің керексің, кел бермен, жетер осы тірескенің!

Менің үнім өктемдеу шығып кете ме, Әсіма тарс ашуланады да, бұлқан-талқан бола қалады:

— Бәрібір саған жақындамаймын. Тағы да...

Мәссаған, ағасының ойынын көтермейтін қарындасы болады екен. Ойын емес пе бұл? Ойынға ашуланғанның басы таз болады. Бірде мұрнынан шерттермін, бірде құлағына қолым тиіп кетер. Онда тұрған не бар? Өзі де менен осы есесін кезінде қайтарып отыруына болмай ма? Тіл қатпас ем ғой.

Ал, түптеп келсе, достарым, мен оның ешқашан бір жерінен әдейі түртіп қалайын деген пиғылда болмаймын. Көбіне арифметика есебін шығара алмай, ішім күйіп отырғанымда, ылғи өстіп жанымға жуымай, ерегестіріп алатын Әсіманың өзі.

Оның бұл қылығын көргенімде, менің де қаным қызып кетеді. Алғашында анау балбыраған аққұба өні мен әдемілеп өрілген

кою қара тұлымына мүлдем жараспайтын тәмпік, пұшық мұрнынан тағы да ұқсата шертсем деп бір тұрдым да, іле-шала одан бас тарттым. Кенет ойыма...

Дереу түнерген ызғарлы жүзімді кілт жұмсартып, амалсыздан Әсіманың жауырынан қайта-қайта қағуыма тура келді:

— Ой, айналайын, ақылың бар ғой сенің. Әсіма аң-таң, маған қараған күйі қадалып тұрып қалды. «Кел, кел» деп жылы ишарат білдіріп жатырмын мен.

— Апамның мінезін өзің білесің, ұрсып есіңнен тандырады. Ол ол ма, әсіресе, жұмыстан шаршап қайтқанында, бір нәрсенің бүлінгенін көрісімен, ылғи ренжитіні есінде ме, Әсіма? Сен асылы жаңағы сынған...

— Неге? — Әсіма тура көзіме ожырая жалт қарады, жүрегім зу етті.

— Әсімажан, тыңдай қойшы,— мен сасқалақтай бастадым,— сен былай деп айта аласың ба?

— Айта алмаймын,— деп жұлқынып қалды ол.

— Тыңдап алшы, алдымен, Әсімажан.

— Жоқ, жоқ!

Бұдан әрі менің амалым құрыды. Туысқан бола тұрып, әрі туған қарындасым бола тұрып, Әсіманың осындай қиын жағдайдан мені, ең болмағанда, бір рет болса да, құтқарып қала алмағанына қатты мұңайдым. Реншімді жасыра алғаным жоқ, кереуеттің үстіне өкпелеп құлай кеттім. Жындансаң да мейлің деп, Әсіма есікті тарс ұрып, тұра жөнелер деп ойлап өдім, бірақ дәл сол сәтте ол менің қолымнан сипап, басымнан сүйеді.

— Сен ашуланба, апамды ренжітпеспіз. Білесің бе, мен бір нәрсе ойладым, айтайын

ба? — Әсима маған тесіле қарап, күлімдеп қоя берді.

— Қажеті жоқ, кет әрмен.

Әсима маған жабыса түсіп, иығымнан жұлқып жатыр:

— Естисің бе, ашуланба сен! Апамның кітапқа деп берген бес сомы бар. Тарелка сатып алуға жетеді.

«Е-е, табылған ақыл болды. Бәсе! Ой, айналайын, қарындасым, міне, енді көрдім туысқаншылығыңды». Қуаныш менде ағыл-тегіл, қойны-қоншыма симайды. Орнымнан ұшып тұрдым. Екеуміз дереу тату бола қалдық.

— Берік, — деп тіл қатты Әсима, — сенің саусағыңның ебі бар ғой. Аңада сағаттың бауын әп-сәтте жалғай салғаныңды білемісің? Ал, менің ойыншық көжегім осы жана ғана бір көзін аша алмайтын боп қалды. Соны жөндеп берсең...

Әсима ойыншығын бұрын менен жасырып, оқшау ұстайтын. Неге десеңіз, мен тек өзім ұнататын Мишкамды ғана қызғыштай қорып, соған мәз болып, өзге ойыншыққа пысқырып та қарамайтынмын. Қуыршақ-муыршақпен алданатын мен құрттай қыз, не есін білмейтін сәби болыппын ба? Маған өзім де ержүрек, Мишкам да ержүрек көрінетін. Ал, көжек-мөжектерді тек қыздарға тән нәзік, қорқақ ойыншық деп білетін ем. Дегенмен, Әсиманың бұл көжегінің мені соншама таңдандыратыны — оның қос көзін жыпылықтатып, құлағын қимылдата алатындығы. Ғажап бір көжек!

Әсиманың осыншама қымбат бұйымын өз қолыма сеніп ұстататындығын білгенімде, іштей таң-тамаша болғаным сонша:

— Ойбай-ау, не дегенің, — деп жатырмын. — Әкел. Ол менің қолымнан келгенде қандай! Қазір-ақ. Бір түгіл, қос көз де салып бере алармын маған десең.

Жақсылыққа — жақсылық, не болса о болсын, әйтеуір, қарындасымды ғажап бір риза қылайын дедім де, іске шұғыл кірісіп кеттім.

Қысқыш ұстаған қолым соқыр көжектің ішкі құрылысын әп-сәтте бір аралап өтті: пружиналы ұзын лента бір жиырылып, бір жазылады. Мен құлақтардың дамылсыз қимылдап тұрғандығынан көжек жүрегінің соғысы жақсы деп жорамалдадым. Ал, көздері жансыз, сөлсіз бозарыпты да қалыпты, жылжымайды, таңым бар.

Бұның қайткенмен бір құпиясы болған ғой деп ойлаймын. Бірақ, қысқышымды олай жүгіртіп, былай жүгіртіп, әр бұрышқа бір барлау жасап көрсем де, бүлінген тетікті дәл

таба алатын түрім жоқ. Маған салса, бұл көжектің бас-аяғы бүтін, ішкі дүниесі сап-сау. Қарысып қалған көзді қайтіп қозғарсын, бос тұрса бір сәрі.

Көжекті пәршелеп, жайратып салып, енді не істеуім керектігі жәйлі жана ғана ойластыра бастағаным сол, Әсима жаныма жетіп келді:

— Болдың ба? Мынау не?.. — Алдымда жатқан бөлшектерді көрісімен, оның шошығаны сонша, көзі шарасынан шыға сазарып, кілт тұрып қалды. — Масқара-ай, не істеп қойдың сен? Не істедің? — Көжектің үстіне құлай кетті. — Бүлдіргенсің ғой!

— Ау, қоя тұр, түк те болған жоқ. Қазір-ақ жөнге келеді. Не болушы еді? Менің қолымнан келмейді деп ойлайсың ба енді? — деп қарсылық білдіріп, шашылған бөлшектерді тездеп жинастыра бастадым.

Әсимамен келісу оңайға соқпады. Тіресіп болатын емес:

«Әкел де әкел, өзіме бер, бүлдірдің!» — деп тепсініп жатыр.

— Тоқта, — дедім қарынан ұстай алып. Көжектің көз шарасының бір жақ ұшы томпайып, екінші жағы жалбырап тұрғандығын шалып қалдым. — Таптым, алақай! Міне, мынау артық. Осы болмаса, көз жыпылықтап тұрмас па еді?

Әсиманың қарсылығына қарап жатқан мен жоқ, қолым қайшыға қалай жетті, солай-ақ, жалбыраған артық жерін бір-ақ қырқып түстім.

О, сұмдық! Масқараның көкесі енді болды. Ашуға булығып, өшігіп түтеген қарындасым ай-шайға қарамастан шап беріп, қарымнан тұтқан жерінен аямай қыршып алды да, көжегін құшақтай, еңіреп қоя берді.

— Ондарсың иә, сотанақ! Көрерсің енді, көрерсің! Бәлем, апам келсін... — Әсима көжек ұстаған қолымен қақ маңдайымнан қойып қалды, тәлтіректеп кеттім.

...Ай, қарындасым-ай, туысқаншылығың осы ғой, қайтейін, қайтейін енді. Әбден сужүрек қылып біттің. Бір көжек деген не? Жаман-жақсы болсам да, өз аған ем ғой.

Достарым-ай, өздеріңнің де қарындастарың бар болар. Бірақ, ағасының күнін бір уыс қылатын дәл менің Әсимамадай қатігез емес шығар. Айтындаршы, жазықсыз жан емеспін бе, неге айыптайды? Құдай ақына, кінәсізбін!..

ЗЕЙНОЛЛА СЕРІКҚАЛИЕВ

✓ ҚҰС ПЕН ҚОЯН ФЕРМАСЫНДА



Мектебіміз жанынан құс пен қоян фермасын ұйымдастырған едік. Жыл басында 170 тауық, 4 қоян болды.

Құс фермасын Б. Қожаниязов, К. Сүлейменова, Т. Қалиев, тағы басқа көптеген оқушылар қамқорлыққа алып, 2 мыңнан астам жұмыртқа өткізді.

Ал, қоянды әр апта сайын күтімге алу үшін 3 оқушыдан бөлініп, олар белгілі жүйе бойынша көк шөп, су, азық әзірлейді. Биыл мектептің тәжірибе участогіне жемдік жоңышқа егіліп, ол екі рет орылды, тегіс жинап алынды.

Қазір қояндар бір рет көжектеп үлгірді. Жыл аяғына дейін олардың санын 140-қа жеткізуге біз міндеттіміз.

Қ а л а м п ы р Қ а л ж а н о в а.

Қызылорда облысы, «Бірлік» жетіжылдық мектебі.

КЕЛІҢДЕР, ДОСТАР!



Жаңатай құстарды өте жақсы көреді. Өткен жылы қанатты достарын қошаметпен қарсы алып еді, биыл да сол күнге алдын-ала дайындалып жүр. Ол қазірдің өзінде құстар үшін 15 үйшік жасап қойды. Жаңатайдың бұл бастамасын басқа жолдастары да қызу қолдап, көктемгі кездесуге әлден-ақ әзірлік ойдағыдай жүріп жатыр.

Т ө л е г е н Т ә ж и е в.

Гурьев облысы, Алтынсарин атындағы орта мектеп.

✓ ӨНДІРІСТІК БРИГАДА




Біздің мектеп оқушыларынан құрылған өндірістік бригада совхоз даласында 60 гектар жерге мақта егіп, Октябрь мерекесінің қарсаңында оны ысырапсыз жинап берді. Жақсы күтім, ұйымшыл іскер еңбектің нәтижесінде әр гектарынан 25 центнер өнім өткізіп, мектеп аудан бойынша ауыспалы Қызыл Ту және 300 сом ақшалай бәйге алды.

Әсіресе, Шәмшиев, Сейдазимов, Бақтыбеков тағы басқа оқушылардың бұл тамаша көрсеткіште үлесі зор. Олар күніне 100—120 килограмнан мақта теріп, ерекше іскерлік көрсетті.

Жақсы еңбек етіп, жақсы дем алған оқушылардың қазіргі сабақ үлгерімдері де өте жақсы.

А с а н Қ а н ы б е к о в.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданы, Ленин атындағы орта мектеп.



КАРНАВАЛ ОРКЕСТРЫ



Думанды карнавал кешінде ысқырық, сыбызғы, сырнай және басқа музыкалық аспаптардан құралған оркестр тамылжытып өнер көрсетуі мүмкін. Біз сол оркестр құрамындағы аспаптарды қалай қолдан жасауға болатындығы жайлы әңгіме етпекпіз.

Ағаш ысқырықты жуандығы бір елі, ұзындығы 75—80 сантиметр жас, түзу боз талдан немесе бұтақсыз үйеңкіден істеу ыңғайлы. Ол үшін бұтақтың бір ұшы қиялай жонылып, ауа жүру үшін ойынды жасалады. Осы дайындалған нәрсені алдымен тегіс, жұқа тақтайшамен ысқылайды да, қабығын кейін қарай жайлап сыдырады. Бұдан соң қиялай жонылған жағынан 15 мм-дей кесіп алып, оның жоғарғы бөлігінен ұзынша тар тесік жасайды. Бұл бөлікке енді ағаш қабығын кигізу керек. Ал, таяқшаның екінші ұшы ұзындығы 10 миллиметрдей тығынмен бітелуге тиіс. Егер осы ысқырықтың ішіне бір бұршақ салып жіберсе, дыбыс құбылып шығады.

Сырнай да ысқырық сияқты жасалады. Бірақ, мұндай жағдайда металл түтікшенің ішіне әрі-бері оңай қозғалып тұратын нығыз поршень салынады. Ол сым таяқшамен реттеліп отырады.

Картон не жай қағазды таяқшаға орап желімдеп, одан диаметрі 2—3 см., ұзындығы 20—15 см. цилиндр дайындау да қызық. Жаңадан еріндік аспап шығады. Ол үшін цилиндрдің бір жақ ұшына қашықтығы 5—6 см. жерден диаметрі 1,5—2 см. дөңгелек тесік ойылады. Бұдан соң папирос қағазынан диаметрі 7—8 см. айналасында сүйір тістер жасалған екі шеңбер қиылып алынады. Бұл екеуімен цилиндрдің екі жағын жауып, жіппен тартып бекітіп тастайды. Қағаз жақсы керіліп, оның тістері цилиндрдің айналасында жалбырап тұруы шарт. Ал, ауа кедергісіз өтуі үшін, орама қағаздың әр жерінен тесік ойылады.

Содан кейін цилиндрдің ашық жағын ерінге тақап, ауаны бүтін папирос қағазына қарай үрлесе, әртүрлі музыкалық әуен шығады.

Ызылдақ та карнавал оркестрінің құрамына енетін бірден бір аспап. Картон қағаз желімделіп, диаметрі 5—6 см., биіктігі 2—3 см. барабан жасалынады да, оның айналасына түрлі түсті қағаз жапсырылады. Ал, барабан сабын ұзындығы 20 см-дей етіп ағаштан істейді. Оның төменгі жағы шар тәріздес, ал жоғарғы жағы төртбұрышты бо-

лады. Сонымен бірге, саптың төрт жағынан сымнан төрт құлақ орнатылады да, барабан арқылы майыстырылған бір бөлек сым өткізіледі. Оның ұштары сапқа, ал, ілгек түрінде алынған таспа не бір тілім резинка сол сым құлақтардың өзіне бекітіледі. Таспадан жұмыр қарындаш өткізіледі. Сонан соң қарындашты айналдыра отырып, таспаны бұрайды. Қарындаштың ұзынша жағы барабанға, қысқалау жағы сым құлаққа тиіп тұрғандықтан, айналыс кезінде ол секіртпелі соғып, барабаннан дыбыс шығарады.

Оркестрде скрипка ролін, әсіресе, тарақ жақсы атқара алады. Бұған жиі тістісі де, сирек тістісі де жарай береді. Алдымен тарақтың өзінен сәл ұзындау папирос қағазын алған жөн. Оны тарақпен бірге қоса жапсыра ұстап, қағаз жағынан үрлеу арқылы кез келген әнді орындауыңа мүмкіндік туады.

Сабан сыбызғы жасау үшін қамыстың не қара бидай сабанының бір түзу бунағын алу керек. Бунақтың үстінен жұқа тіл жасап, ауызға салып үрлесе, өзіндік бір жуан үн шығады. Ал, түтікшенің үстінен қатарынан екі-үш тесік жасалса, әртүрлі әуенді дыбыстар естіледі.

Қазіргі оркестрлерде музыка ырғағына үн қосып, көтермелеп отыратын аспаптар бар. Ол үшін көбіне кәдімгі пионер барабаны қолданылып, стол мен орындықтар пайдаланылады.

Дабылды да қолдан жасау қиын емес. Темір шеңберге өзара айқастырыла үш сым тартылады да, оларға майда сылдырлақтар тағылады. Дабылды бір жағынан екі қабатталған жылтыр қағазбен қаптап, ал, ойнағанда оң қолда ұстаған жөн. Сәл қозғап, не саусақпен жай түртсең-ақ болды, сылдырлай жөнеледі.

Сыртылдақ та жақсы аспап. Ең алдымен, ортасында планкасы бар ағаш жақтау жасалады. Оған сым темір оралып, тұтқалы тісті дөңгелек орнатылады. Жақтау еркін айналатындай етіп бекітіліп, пластинканың астына жұқа фанер өткізіледі. Оның ұшы дөңгелектің тісіне тиіп тұрады. Сондықтан да, айналыс кезінде пластинканың ұшы бір тістен бір тіске секіріп, сыртылдаған дыбыс шығарады. Ал, дыбыстың әртүрлілігі жақтау мен пластинканың көлеміне, жиілігі дөңгелек тістерінің үлкен-кішілігіне байланысты.

Міне, балалар, бұл аспаптарды сендер де істеп, карнавал оркестрін жаңа жыл кешіне өздерің ұйымдастырып көріңдер.

Н. ХАРЬКОВСКИЙ.

«Менің қарындасым»

Оқушы дос, мінекей, сендердің өздерің тұратын қала мен селоның кітап дүкендеріне тағы да бір жаңа кітап келіп түсті. Бұл қазақ



әдебиетінің қатарына жаңадан тағы бір ақын келіп қосылды деген сөз.

Қосжан Мүсірепов соңғы жылдары ғана қалам тартып, өлең жаза бастаған жас ақын. Мектеп, университет — міне, оның әзіргі өмір жолдары. Алайда, жас автор ә дегеннен өзінің қанаты әлі қатпаған сәби жырларын бөбектер мен балаларға, болашақ жас түлектерге арнап отыр. Әзірге оның алғашқы қадамы сәтті. Оны біз Мүсірепов Қосжанның жақында ғана Қазақтың

Көркем Әдебиет баспасынан басылып шыққан «Менің қарындасым» атты өлеңдер жинағынан айқын көреміз.

Іні мен қарындасың ба,
Жұлдыздар толған айналаң?!
Келмек боп қызығасың ба,
Қарайсың неге, ай, маған?!
Бетінді бұлтпен бүркейсің,
Ұйқың кеп тағы қалды ма?!
Өзенге құлап кетерсің,
Қалғыма, ай, қалғыма!!

Міне, «Қалғыма, ай, қалғыма» деген өлеңінде жас автор осылай жырлайды.

Жинақта бұдан басқа да тәуір өлеңдер бар. Автор өзінің жастығына қарамастан, табиғат суреттерін әдемі, балалардың ойына ұғымды, жеңіл бал-бұл тілмен жап-жақсы бейнелеп береді. Сендер оның «Көктемде», «Күз», «Жаңбыр», «Қыста», «Өзен неге асығады» деген өлеңдерін әдейілеп оқып шығындар.

Қосжан өзінің өлеңдерінде балаларға тән мінез-құлықтарды да жақсы сыпаттайды. «Кең көйлек» деген өлеңде әжесінің «Саған кең болады ғой, киме» деген сөзіне қарамастан, ағасының көйлегін киіп, он саусағы қайда кеткенін білмей аң-таң қалған баланы ажуалайды.

Міне, осындай қысқа өлеңдермен бірге, бұл жинаққа автордың өзі жазған бірлі-жарым жұмбақтары да кірген. Бұл жұмбақтарды жаттап алуға да болады.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Балалар, батпақ, өзен, көл, теңіз, таудың өзінің бұрынғы орнынан қозғалып, басқа жерге көшкенін естігендерің бар ма?

Табиғатта мұндай нәрселер болып тұратын көрінеді. Ирландияның Кастлер дейтін қаласының жанында үлкен батпақты жер болған. Сол батпақ 1900 жылдың басында өз орнынан қозғалып, 24 сағат ішінде бір шақырымдай жерге көшкен, сөйтіп ол жолшыбай бір деревняны талқандап кеткен.

1295 жылға шейін Альт-Брейзех қаласы Рейн өзенінің оң жағында болатын, одан соң өзен өз арнасын өзгертіп, Альт-Брейзех қаласы

Рейннің Эльзасқа қарасты сол жағына шығып қалады. 1480 жылы Рейн бұрынғы арнасына қайта түсті. Қазіргі уақытта қала бұрынғыша өзеннің оң жағында тұр.

1957 жылы Германияның Федеративті республикасындағы Фогленберг тауы түбімен қопарылып батпақты жерге түскен. Одан әрі жылжып, бұрынғы орнынан бір шақырым қашықтаған. Жолында кездескен үлкен орманды талқандап, жоқ қып кеткен.

Каспий теңізінде тюлень болмайды.

Барометр және термометрмен ауаның тығыздығын өлшеуге болмайды.

Су жәндігі сегізаяқ ешуақытта судан шықпайды.

Чарльз Дарвиннің баласы Джордж Дарвин де биология ғылымының атақты маманы болған.

Егерде мұзды мұхиттағы айсбергпен көшпелі мұздар ерісе, океандардағы су беті 0,25 метр көтерілген болар еді.

ҚҰР-ҚҰР

Бұл ойынға ықшам киінген үш бала шығады. Оның біреуі басына тақия киінеді де, ортаға тұрады. Екі жағындағы екі бала, бас киім кимейді. Ортадағы тақия кигені екі аяғын кеңірек басып тұрады. Екі жағынан келген екі бала біреуі сол аяғын, біреуі оң аяғын төсеп тақиялымен қатар тұра қалады. Ортадағы бала екеуінің де аяғын екі аяғымен қамти басып, екі қолын әзірлеп, ойынға кіріседі. Ойынды тақия киген бастайды. Ол екі жағындағы балаларға кезек қарап, қолымен бір бетін қалқалап, бір қолын аузына ұстап: «құр-құр» — дейді. Аналар да тақиялы бала жақ беттерін бір қолымен қалқалап, бір қолын әзір ұстайды. Ортадағы бала қимыл бастайды. Ол соншалық шапшандықпен «құр-құр» деп баланың бірінің жағын қалқалаған алақанымен қолынан тартып жібереді. Сол сәтті аңдып тұрған ол бала тақиялының тақиясын басынан қағып түсіруі тиіс. Енді ол екінші жағындағы балаға соны істейді. Тақияны екі баланың бірі қағып түсіргенше аңдысып ойнайды. Тақияны кім қағып түсірсе, сол ортаға тұрып «құр-құрды» сол айтады. Тақия қағарда да, «құр-құр» айтып, алақанға ұрғанда да, басқа жерге қол тигізбейді. Құлаққа, көзге қолы тисе, ол бала ойыннан шығады.



Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Алға» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.,

Техникалық редактор М. Фум.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер».

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 13/ХІ-1959 г. УГ05885. 84×108^{1/16}—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 37.500. Алма-Ата. Полиграфкомбинат Главліздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 2071.

ЮМОРЛАР

СҰРАҚ

- Жейдеңнің кірі ашылатын емес қой, балам-ау!
- Немене, мама, кірі жабық тұр ма?

ЕСЕП

- Қойбағаров, айтып жіберші, алтыны беске көбейткенде қанша болады?
- Отыз.
- Дұрыс-ақ! Ал бесті алтыға көбейткенде қанша болады деп ойлайсың?
- Мұны біле алмадым, ағай!

СЕНБЕСТІК

- Жақан-ау, ағаңның жасы осы сенен үлкен бе еді, кіші ме еді?

СЕБЕП

- Киноға неге кірмедің, Жұмаш!
- Таласып-тартысып жатқан ешкім жоқ екен...

ЖОМАРТ

- Таза жазудан мен «екі» алдым, сен ше?
- Мен де...
- Екі-екі төрт болады. Ал төрт жаман баға емес. Соны бөліп жармай-ақ, түгелдей сен ала ғой.

Қадыр Мырзалиев.

ӨЗБЕК ЮМОРЛАРЫ

Бір бала картаны лупамен қыздырып жатқанда ағасы келіп қалады.

- Не ғып жатырсың?
- Мұзды мұхиттың мұзы ерімейді дедіңіз ғой, соны ертіп жатырмын,— деп жауап берген екен інісі ағасына.

- Маған бір литр сиыр сүтін беріңізші.
- Ыдысың өте кішкентай ғой.
- Олай болса, ешкі сүтінен-ақ бере салыңыз.

1049824

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 4-санындағы кроссворд, анограмма, жұмбақтардың жауабы.

КРОССВОРД

Көлденеңінен:

2. Ана. 5. Бор. 6. Шоу. 10. Владивосток. 13. Эльба. 16. Үстеу. 18. Чехов. 20. Рур. 21. Шие. 22. Рим. 23. Зоя. 25. Химия. 27. Милан. 28. Туран. 32. Цюлковский. 33. Нил. 34. Жаз. 36. Мук.

Тігінен:

1. Инд. 3. Хорда. 4. Хонсю. 7. Ұлы Британия. 8. Ява. 9. Конституция. 11. Ұлу. 12. Жер. 14. Пекин. 15. Токио. 17. Ауа. 19. Иод. 24. Фин. 26. Бас. 29. Алжир. 30. Ион. 31. Аскар. 35. Жүз.

ЖҰМБАҚТАР

1. Кітап. 2. Глобус. 3. Гармон. 4. Дауыл. 5. Патефон. 6. Сағат және оның тілдері.

АНОГРАММА

1. Той, қой. 2. Күн, түп.
Дұрыс жауаптарын бірінші жібергендер: А. Сәнгерева (Алматы қаласы), А. Нұрғазиева (Алматы облысы, Панфилов ауданы), А. Достанов (Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы), Р. Бекмағанбетова, С. Байсақалов (Жамбыл облысы, Шу ауданы), А. Тәшенов (Петропавл қаласы).

Журналдың 6-санындағы криптограмманың жауабы мен квадрат клеткаларының дұрыс толтырылуы

КРИПТОГРАММА

Өмір — айдын кел,
Көңіл — ескен жел,
Ақыл — ой — азық,
Ашу бейне сел.

КВАДРАТ

Қ	Ы	Р	Ы	Қ
Қ	А	Л	А	Қ
Қ	Ы	З	Ы	Қ
Н	А	Д	А	Н
Қ	А	Д	А	Қ

Дұрыс жауаптарын бірінші жібергендер: Ы. Сүлейменов (Қызылорда облысы, Аралқұм станциясы), Қ. Дәулетқұлов (Жамбыл облысы, Луговой ауданы), А. Қаныбеков (Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданы).

Журналдың 5 санындағы кроссвордтың жауабы мен ИҚС-тің дұрыс 10 бөлікке бөлінуі.

КРОССВОРД


Көлденеңінен:

4. Орал. 7. Бұқтарма. 9. Қарсақпай. 11. Өскемен. 12. Жетісу. 15. Қарағанды. 18. Ақмола. 20. Жамбыл. 21. Көкшетау. 26. Бурабай

Тігінен:

1. Теміртау. 2. Балқаш. 3. Каспий. 5. Арқа. 6. Талдықорған. 8. Қостанай. 10. Степняк. 12. Жайық. 13. Ертіс. 14. Алатау. 16. Шымкент. 17. Семей. 19. Арал. 22. Алматы.

ИҚС-тің 10 бөлікке бөлінуі:



Дұрыс жауаптарын бірінші жібергендер: Т. Байнова, А. Мұздыбаев (Қарағанды қаласы), Р. Исмайлова (Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы), С. Мәженова (Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы), Н. Ибрагимова (Алматы облысы, Шелек ауданы).

Журналдың 7-санындағы ребус пен «Ойлап таптын» жауабы


РЕБУС

«Елін сүйген ер болар».

Ойлап тап. Серіктің 7, Беріктің 5 алмасы бар. 3 бұтақ, 4 қарға.

Дұрыс жауаптарын бірінші жібергендер: А. Игенбаева (Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы), О. Рашилов (Оңтүстік Қазақстан облысы, Майбұлақ станциясы), Ұ. Бекмағанбетов (Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы).

Журналдың 8-санындағы фигураның тең 2-ге, 4-ке, 8-ге, 20-ға бөлінуі:



Дұрыс жауабын жібергендері Қ. Тоқанов (Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы), С. Елемесов (Ақтөбе облысы, Темір ауданы).

Журналдың 10-санындағы әдеби кроссвордтың жауабы

Тігінен:

1. Гоголь. 2. Островский. 3. Лермонтов. 5. Аксаков. 7. Крылов. 10. Носов. 12. Беллинский. 14. Шолохов. 15. Фадеев.

Көлденеңінен:

3. Ломоносов. 4. Некрасов. 6. Пушкин. 8. Горький. 9. Гончаров. 11. Толстой. 13. Чехов. 16. Маяковский.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: Қ. Төлбасиев, Қ. Естаев (Жамбыл облысы, Талас ауданы).